



ПРЕЗИДЕНТ
ТАПСЫРМАЛАРЫ
қалай орындалуда?

2

Almaty

AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №76 (6638) 22 тамыз, жұма, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz




12+

МЕГАПОЛИС

АЛМАТЫ ТУРИЗМІ: серпінді даму, жаңа бағдарлар

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалдының төрағалығымен өткен алқалы жиында туризм инфрақұрылымын дамыту мәселелері талқыланды.



Басқосуға салалық басқарма басшылары, инвесторлар мен бизнес өкілдері қатысты. Жиынның негізгі тақырыбы – қонақүй құрылысы мен глэмпинг жобалары. Әсіресе, жеке инвесторлардың белсенділігі айрықша атап өтілді. Биылғы қаңтар-маусым айларында орналастыру саласына тартылған жеке инвестиция көлемі өткен жылмен салыстырғанда 13 есеге артқан. Бұл – Алматы туризмінің серпінді дамуының айқын дәлелі.

Қалалық Туризм басқармасының дерегінше, қазіргі таңда мегаполисте 70-тен астам инвестициялық жоба

қолға алынған. Олардың бір бөлігі алдағы жылдары аяқталса, толық жүзеге асуы 2030 жылға дейін жоспарланып отыр. Тек биылдың өзінде бірнеше жаңа қонақүй ашылды. Жыл соңына дейін тағы да қонақүйлер, туристік кешендер мен глэмпингтер іске қосылмақ. Ал 2025–2027 жылдары қаладағы қонақүй нөмірлерінің қоры 1,5 есеге ұлғайып, 17 мыңға жетеді деп күтілуде.

Дархан Сатыбалды Алматы туризмінің басты бағыты – заманауи қонақүй инфрақұрылымын қалыптастыру және туристер үшін қолайлы жағдай жасау екенін атап өтті.

Сонымен қатар, әкім экологиялық талаптарды сақтау мен жаңа нысандардың табиғи және мәдени мұраға үйлесімді салынуының маңыздылығын ерекше айтты.

Жиын соңында қала басшысы тиісті рәсімдерді жеделдетуді, жобаларды инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз етуді және инвесторларға барлық кезеңде қолдау көрсетуді тапсырды.

Әзірлеген
Қ.ЖҰМАДІЛОВА.

ФУТБОЛ

Чемпиондар Лигасына жолдама:

«ҚАЙРАТ» – «СЕЛТИК»

УЕФА Чемпиондар Лигасына жолдама үшін «Қайрат» пен «Селтик» арасында Шотландияның Глазго қаласында өткен алғашқы ойын 0:0 есебімен тең аяқталды.

Футбол әлеміндегі ең беделді жарыстардың біріне қатысу үшін «Қайрат» іріктеу кезеңінде Словенияның «Олимпия», Финляндияның «КуПС», Словакияның «Слован» командаларын жеңді. Енді іріктеу кезеңіндегі шешуі қарсылас – даңқты «Селтикті» өтсе, Чемпиондар Лигасының топтық кезеңінде өнер көрсетеді. Жасыл жейделі команда қазақстандықтар үшін таңсық емес. 2013 жылы қарағандылық «Шахтер» елордада бұл команданы 2:0 жеңіп, «Селтик Парк» стадионында 3:0 есебімен жеңілген болатын. Осылайша «Шахтер» Чемпиондар Лигасына бір қадам жетпей сүрінген. Ал 2016 және 2017 жылдары шотландиялықтарға екі ойын нәтижесі бойынша «Астана» екі рет есе жіберді. «Селтикке» қарсы бақ сынаудың кезегі енді – алматылық «Қайратқа» келіп тұр.

Еуропаның басты турнирінде жыл сайын өнер көрсететін команданың алаңында «Қайрат» ашылып ойнаған жоқ. Көбірек қорғанысқа көңіл бөлді. Жалпы ойын нәтижесі бойынша алаң қожайындары допқа 75 па-



йыз иелік етсе, алматылықтардың үлесі – 25 пайыз ғана болды. Мұндай басымдыққа қарамастан, «Селтик» 60 мың жанкүйерінің алдында жеңіске жете алмады. Матч 0:0 есебімен аяқталды. Алғашқы таймда қазақстандық ойыншылар бірнеше өткір шабуылдар жасады. Ал екінші таймда «Селтик» шабуылдаушысы Форрестің есеп ашатын жақсы мүмкіндігі болды. Алайда, Заруцкий өз қақпасын қорғап қалды. Сонымен қатар, алаң ортасынан қауіпті соққы жасаған Эдмилсонды («Қайрат») атап өтуге болады.

УЕФА Чемпиондар Лигасына іріктеу плей-оффының өзге де ойындарына тоқталып өтейік. «Рейнджерс» 1:3 есебімен «Брюгге» командасына, «Црвена Звезда» 1:2 есебімен «Пафосқа», «Ференцварош» 1:3 есебімен

«Карабахқа» жеңілді. Түркияның «Фенербахчесі» Португалияның «Бенфикасымен» тең түсті – 0:0. «Базель» мен «Копенгаген» де бір-бір доппен алмасып тең ойнады – 1:1. Ал «Будё-Глимт» қарсыласы «Штурм» командасын 5:0 есебімен ойсырата жеңді.

• **Енді «Қайрат» пен «Селтик» арасындағы шешуші ойын Алматының Орталық стадионында өтеді. Қазірдің өзінде бұл ойынға қызығушылық өте жоғары деңгейде. 26 тамыз күні болатын ойынға билеттер 3 сағаттың ішінде өтіп кетті. Жалпы, матчқа 100 мың жанкүйер билет алуға өтінім берген.**

Досбол АТАЖАН.

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



www.aqshamnews.kz





ЖОЛДАУ

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАЛАРЫ қалай орындалуда?

2024 жылы 2 қыркүйекте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауын арнаған еді. Онда бірнеше бағыт бойынша Үкіметке және өзге де мемлекеттік органдарға тапсырма берілді. Биыл қыркүйекте Президент халыққа кезекті Жолдауын жолдайды. Осыған орай, мақалада былтырғы Жолдауда берілген тапсырмалардың орындалу барысы талданбақ.

ТОҒЫЗ БАҒЫТ, НАҚТЫ МАҚСАТ-МІНДЕТТЕР

Қазақстан Президенті 2024 жылғы халыққа Жолдауында 9 бағыт бойынша мемлекеттік органдарға тапсырма берген. Олар төмендегідей:

- Ақша-несие саясаты мен фискалды саясаттың арасындағы үйлесімсіздікті жою;
 - Инвестициялық ахуалды және бизнес жүргізуге қажетті жағдайды жақсарту жолында үздіксіз жұмыс істеу;
 - Еліміздің өнеркәсіп әлеуетін толық пайдалану үшін жан-жақты шаралар қабылдау;
 - Инфрақұрылымға қатысты өзекті мәселелерді шешу;
 - Еліміздің кадрлық әлеуетін біртіндеп арттыру;
 - Ұлт саулығын нығайту үшін кешенді шараларды қолға алып, халықты әлеуметтік қолдау жүйесін жаңғырту;
 - Экологиялық ахуалды жақсарту;
 - Мемлекеттік басқару ісінің тиімділігін барынша арттыру;
 - Қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын терең орнықтыру.
- Әр бағыт бойынша мемлекеттік органдарға нақты тапсырмалар берілген. Алайда, олардың орындалу мерзімі әртүрлі. Бір жылда орындалуы тиіс тапсырмалардан



(Дереккөз: Primeminister.kz)

бөлек, орта және ұзақ мерзімде атқарылуы тиістері бар.

САЛЫҚ КОДЕКСІ, РЕФЕРЕНДУМ ЖӘНЕ ЖИ

Бір жыл ішінде атқарылған жұмыстардың ішінде халық арасында және сарапшылар тарапынан бірнеше тақырыптар жиі талқыланды. Олар: жаңа Салық кодексі, АЭС салу бойынша референдум және Жасанды интеллектіні дамыту шаралары.

2025 жылы 18 шілдеде Президент жаңа Салық кодексіне және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды. Оған мынадай өзгерістер енгізілді:

- Қосылған құн салығының (ҚҚС) жаңа базалық мөлшерлемесі 16% болып бекітілді. Бұған дейін 12% болған. Есесіне, дәрі-дәрмек пен медициналық қызметтерге төмендетілген ҚҚС мөлшерлемесі белгіленді: 2026 жылдан 5 пайыз, 2027 жылдан 10 пайыз.

Бұдан бөлек, ТМҚК мен МӘМС ая-

сындағы қызметтер, Үкімет айқындайтын тізбе бойынша орфандық және әлеуметтік мәні бар ауруларды емдеу, сондай-ақ баспа түріндегі кітап шығару, археологиялық жұмыс жүргізу қызметтері ҚҚС-тан босатылады. Мұның бәрі әлеуметтік бағдарланған шешімдер болып саналады. Осы салық жеңілдіктерін енгізуге атсалысқан Мәжіліс депутаттарының ұстанымын атап өткен жөн. Қала берді, БЗЖҚ-дан төленетін зейнетақы төлемдері жеке табыс салығынан босатылады.

• **Корпоративтік табыс салығы 20 пайыз деңгейінде сақталады. Алайда, сараланған салықтық мөлшерлеме енгізіледі. Мысалы, банктер мен ойын бизнесі үшін – 25 пайыз. Әлеуметтік сала ұйымдары үшін 2026 жылы 5 пайыз мөлшерінде белгіленіп, 2027 жылы 10 пайызға дейін ұлғаяды. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге 3 пайыз жеңілдетілген мөлшерлеме қалады.**

Ашығын айту керек, Салық кодексі қоғамда ең көп талқыланған заң болды. ҚҚС мөлшерлемесінің өсуінен болатын эффектінің алғашқы аралық нәтижесі 2027 жылдың басында белгілі болмақ.

Ұзақ мерзімде 2029 жылға қарай бизнес климатқа қалай әсер еткені жайлы толық картинаны көре аламыз.

2024 жылы 6 қазанда елімізде АЭС салу бойынша референдум өтті. Дауыс беруге құқылы азаматтардың 63,66% референдумға қатысты. 50%-дан асқандықтан референдум өтті деп танылды. Референдумға қатысқандардың 71,12% АЭС салуды қолдаған. Ал 26,15% қарсы болды. Осылайша басым дауыспен АЭС салу туралы шешім қабылданды.

Бір жылда цифрландыру мен ЖИ инфрақұрылымын қалыптастыру мәселесі Президент мен Үкіметтің басты назарында болды. 11 тамызда Мемлекет басшысының төрағалығымен өткен жасанды интеллектіні дамыту мәселелері жөніндегі кеңес сөзімізге дәлел. Сондай-ақ, биыл Астанада Жасанды интеллект ұлттық орталығы іске қосылды. Қала берді, Орталық Азиядағы ең қуатты суперкомпьютер ашылды.

ҮКІМЕТ ЕСЕП БЕРЕ БАСТАДЫ

2025 жылдың тамыз айының екінші жартысында ҚР Үкіметі Жолдауда берілген тапсырмалардың орындалуы бойынша есеп бере бастады. Бұл «Есеп беретін Үкімет» қағидасы аясында жүзеге асуда. Мақаланы дайындау барысында (20-21 тамыз) көлік-транзит әлеуетін, өңдеу өнеркәсібін, денсаулық сақтау саласын дамыту, отын-энергетика кешенін жаңғырту бойынша тиісті министрліктер есеп берді. Үкіметтің есебі қыркүйек айына дейін жалғасуы мүмкін.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ ҚАРСАҢЫНДА

АШЫҚ ДИАЛОГ

нақты шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді

ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев Алматы қаласы Қоғамдық кеңесі мүшелерімен кездесті. Министрдің Алматы қаласына арнайы келген сапары барысында кезектен тыс ұйымдастырылған отырыс барысында өзекті мәселелер жан-жақты қаралды.



Рая
ЕСКЕНДІР

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫ: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Кеңес құрамындағы қалалық Мәслихат депутаттары, үкіметтік емес ұйымдардың және денсаулық сақтау, білім беру мекемелерінің өкілдері, қоғам және мәдениет қайраткерлері білім беру саласындағы өзекті мәселелерді талқылады. Әсіресе, мектепке дейінгі ұйымдар мен жеке балалар орталықтарында қауіпсіздік пен қызмет сапасын арттыру, инклюзивті білім беруді дамыту, мектеп инфрақұрылымын жаңғырту, балалардың тамақтануын ұйымдастыру, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім берудің келешегі туралы кеңінен сөз қозғалды.

Кездесуде Оқу-ағарту министрі қоғамдық кеңес мүшелерімен диалог жүргізудің маңыздылығы туралы тілге тиек етті.



Суретті түсіріп Кайрат ҚОНЫСБАЕВ.

– Біз өңірлерде мәслихат депутаттарымен және үкіметтік емес ұйымдар өкілдерімен тұрақты түрде кездесеміз. Жергілікті мәселелерді ашық талқылау – білім сапасын жүйелі түрде арттыруға жасалған нақты қадам. Әрине, біз ең алдымен білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыруда сіздердің көмектеріңізге сүйенеміз. Бірлескен жұмыс проблемаларды анықтап қана қоймай, оларды шешуге де мүмкіндік береді. Біздің ортақ міндетіміз – әрбір баланың әлеуетін толық ашуға қолайлы әрі тең жағдай жасау. Бұл дәйекті түрде жүзеге асырылып келе жатқан басты басымдықтың негізгісі, – деді министр.

СҰРАҚ-ЖАУАП АЛАҢЫ

Жиынға қатысушылар министрге сұрақтарын жолдап, толғандырып жүрген мәселелерді ашық талқылады. Жалпы, мұндай ашық диалог қоғамдық пікірді естіп қана қоймай, нақты шешімдер қабылдауға да мүмкіндік береді. Министр ендігі жерде мұндай тәжірибе жүйелі түрде жалғасып, қоғамдық кеңес мүшелерімен кездесулер еліміздің барлық өңірінде өткізілетінін жеткізді. Мұндай қадам қоғаммен адал, сындарлы және ашық диалогқа деген жоғары қызығушылықты көрсетеді. Сонымен қатар, бұл жүздесу Мемлекет басшысының қатысуымен Астанада өткен Тамыз конференциясында

басталған диалогтың жалғасы іспетті. Басқосуда мектепке дейінгі білім беру және жеке балалар орталықтары саласындағы қауіпсіздік пен сапа, логопед, дефектолог, психолог, ассистенттер үшін жүктеменің шамадан тыс көп екені айтылды. Сонымен қатар, өндірістік тәжірибеден өтіп жүрген колледж студенттерінің тамақтануы мен оларға төленетін ақшалай өтемақы, азық-түлік жиынтығын таңдау құқығын қайтару мәселесі де әңгімеге арқау болды. Сала мамандары инклюзивті білім беруді дамыту және ПМПК кезегін қысқарту, балалардың жазғы демалыс инфрақұрылымын жаңғырту және жеке лагерьлерге бақылауды күшейту, мектептегі тамақтанудың жаңа стандартын енгізу және өңірлік басшылардың дербес жауапкершілігін бекіту сынды ең өзекті мәселелерді күн тәртібіне қойды.

Біз қоғамның, мемлекеттің және кәсіби қоғамдастықтың ашық диалог форматында ғана жүйелі шешімдер әзірлеп, білім беруді одан әрі дамыту үшін «жол карталарын» қалыптастыруға болатынына сенімдіміз. Сәтін салса, қоғамдық кеңестермен осындай ашық кездесулер бүкіл ел бойынша жақсы тәжірибе болуы керек екенін атап өткім келеді. Бұл қоғамның нақты дауысын естуге, сенімділікті нығайтуға және Қазақстанның әрбір баласы үшін сапалы білім беруді дамытуға бірге көшуге мүмкіндік береді, – деді Ғани Бейсембаев.



ҚОРШАҒАН ОРТА

ЖАҢА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕР

Алматыда ескі көліктерге шектеу қойылуы мүмкін

Алматының экологиялық жағдайы қала тұрғындарын көптен бері толғандырып келеді. Соңғы жылдары ауаның сапасын жақсарту мәселесі күн тәртібінен түспей, мегаполис үшін ортақ жауапкершілікке айналып отыр. Осы орайда Алматыда атмосфералық ауаны қорғаудың жаңа ережелері әзірленді. Бүгінде құжат Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 206-бабына сәйкес дайындалып, ашық талқылаудан өтті. Оған ғалымдар, сарапшылар, бизнес өкілдері мен қоғамдық ұйымдар қатысып, өз ұсыныстарын білдірді. Жаңа ережелердің басты мақсаты – зиянды қалдықтарды жүйелі түрде азайтып, қала тұрғындары үшін қолайлы орта қалыптастыру. Осыған орай, сала басшылары мен депутаттардың пікірлерін назарларыңызға ұсынамыз.

АУАНЫ НЕГІЗІНЕН АВТОКӨЛІКТЕР ЛАСТАЙДЫ

Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасының басшысы Мирас Гайсиннің айтуынша, қаладағы басты экологиялық мәселе – автотранспорттан шығатын зиянды қалдықтар. «Жыл сайын Алматы ауасына 189 мың тоннадан астам зиянды зат бөлінеді. Оның 60 пайызы автокөліктерден шығатын газға тиесілі. Ал осы көлемнің 84 пайызы – ескі, яғни евро-0 класына жататын, 1993 жылға дейінгі көліктердің үлесі. Сондықтан біз ең алдымен төмен экологиялық кластағы көліктерді шектеуді қолға алып отырмыз», – деді ол.

Басқарма басшысы жаңа ережелерге сәйкес, евро-0, евро-1 және евро-2 санатындағы көліктерге қатаң шектеу қойылатынын атап өтті. Евро-3 пен евро-4 көліктер үшін де төлем қарастырылмақ. Ал евро-5 және евро-6 стандартындағы, яғни 2015 жылдан кейін шығарылған көліктер, сондай-ақ электромобильдер экологиялық аймаққа ақысыз кіре алады.

Гайсиннің сөзінше, жаңа ережелерде ақылы экологиялық аймақтарды кезең-кезеңімен енгізу, ескі көліктерді айналымнан шығару, жеке секторды газға қосу немесе сүзгі орнатуды міндеттеу көзделген. Сондай-ақ, цемент зауыттары мен басқа да өндіріс орындарының шығарындыларына бақылау күшейтіледі. «Мысалы, газ жүргізілген ауданда тұратын тұрғындар міндетті түрде газға қосылуы тиіс. Ал қосылмаған жағдайда арнайы сүзгілер орнату қарастырылады. Бұл жеке сектордың шығарындыларын азайтуға бағытталған», – деді басқарма басшысы.

ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕДЕ БАР

Мирас Гайсин әлем елдерінде ұқсас тәжірибе бар екенін де атап өтті. «Көптеген мемлекеттерде, соның ішінде Қытай мен Ұлыбританияда ақылы экологиялық аймақтар сәтті жұмыс істеп келеді. Бұл ауа сапасын едәуір жақсартып, тұрғындардың денсаулығына оң әсер етеді. Біз де бұл тәжірибені кезең-кезеңімен енгіземіз. Алдымен биыл қазан айында тегін пилоттық жоба іске қосылады. Ол бір жыл бойы жүргізіліп, халық пен бизнеске түсетін салмақ есептеледі. Содан кейін ғана төлем енгізіледі», – деді ол.



Сонымен қатар, әкімдік ескі автокөліктерді сатып алу бағдарламасын қарастыруда. Бұл шара маслихат депутаттарының талқысынан кейін қабылданбақ.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК ПЕН ӨНДІРІСТЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР

Жаңа ережелер жеке көліктермен қатар қоғамдық көлікке де қатысты. Алматыда 2024 жылдан бастап дизельді автобустар сатып алынбайды. Алматы қаласының Мобильділік басқармасының дерегінше, қазірдің өзінде 1700-ден астам газ және электр автобустар пайдалануға берілген. Жыл соңына дейін тағы 900-ге жуық экологиялық таза автобус жеткізіледі. «Бұл да экологиялық жағдайды жақсартуға айтарлықтай үлес қосады. Автобус паркін жаңарту – Алматыдағы ең өзекті бағыттардың бірі», – деді Мирас Гайсин.

Сонымен қатар, әкімдік жеке сектордың шығарындыларын азайту үшін газдандыруды және сүзгілерді міндеттеуді жоспарлап отыр. Ал 2026–2027 жылдары ЖЭО-2 және ЖЭО-3 толықтай газға көшіріледі. Бұл шаралар зиянды шығарындылар көлемін 49 мың тоннадан 4,2 мың тоннаға дейін қысқартуға мүмкіндік береді.

«Біз жаңа экологиялық ережелерді қоғамдық талқылаудан өткізіп, халықтың ұсыныстарын ескереміз. Барлық шара кезең-кезеңімен енгізіледі. Негізгі мақсатымыз – Алматы тұрғындары үшін таза ауа мен жайлы өмір сүру ортасын қалыптастыру», – дейді Мирас Гайсин.

ЕСКІ МАШИНАЛАРДЫ ШЕКТЕУДІҢ МӘНІ



«EcoAlmaty» ЖШС директорының орынбасары Айдана Касеннің айтуынша, Алматыдағы көлік шығарындыларының үлесі өте жоғары. «Жылына 189 мың тоннадан астам зиянды зат ауаға тараса, оның ішінде 112 мың тоннасы көліктерге тиесілі. Әсіресе, ескі автокөліктер заманауи стандарттарға сәйкес келмейді және олар ауаны көбірек ластайды. Шектеу шаралары осы зиянды қалдықтардың шоғырлануын азайтады», – деді ол.

Спикердің айтуынша, әлеуметтік әлсіз топтар үшін қолдау шаралары қарастырылған. «Аймақта тұрақты тұратын тұрғындар үшін ай сайынғы абонемент жүйесі енгізіледі. Сонымен қатар, ескі көліктерді сатып алу бағдарламасы болады. Өтемақы мөлшері көліктің жылына және маркасына қарай белгіленеді», – деді ол.

Жаңа ережелерде қоғамдық көлік пен баламалы шешімдер де қолға алынған. Айдана Бекболатқызының айтуынша, «Алматыны 2025 жылға дейін дамыту жоспары» мен 2030 жылға дейінгі көлік қаңқасының мастер-жоспарына сәйкес, 14 көлік дәлізін қалыптастыру, автобус паркін газ және электрге көшіру, метро мен LRT жобаларын іске қосу жоспарланған. 2030 жылға дейін 42 жедел көлік дәлізі мен 39 тораптық станция іске қосылады. Сондай-ақ, велосипед инфрақұрылымы дамитын болады», – дейді маман.

«Бағдарлама әлеуметтік жіктеуге әкелмейді. Басты мақсат – тұрғындардың денсаулығын қорғау. Әрбір алматылықтың таза ауамен тыныстау құқығы бар», – деп түйіндеді спикер.

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ОРТАҚ ҚҰҚЫҒЫ



Алматы қаласы Мәслихатының депутаты Мұрат Мұсаұлының айтуынша, қаладағы ауаның ластануына ең көп үлес қосып отырған тағы бір фактор – көліктердің шамадан тыс көбеюі. «Қалада күн сайын шамамен 1 миллион автомобиль қатынайды, оның жартысына жуығы ескі көліктер. Бұл – экологияға айтарлықтай зиян келтіріп отырған басты проблема. Әрбір қала тұрғыны Алматыны жақсартқысы келеді, сондықтан оған баршамыз бірге үлес қосуымыз керек», – деді ол.

Депутаттың сөзінше, ауаның ластануы халық денсаулығына кері әсер етуде. «Қазір әрбір отбасында дерлік аллергия немесе демікпемен ауыратын адам бар. Біз ең алдымен тұрғындардың денсаулығын қорғауымыз қажет», – деді ол.

Мұрат Мұсаұлы жеке сектордағы жағдайға да тоқталды. Кейбір үйлерде

көмір мен отын жағылып, тұрмыстық қалдықтар пайдаланылып келеді. «Жаңа экологиялық қағидаларда мұндай әрекеттерге тыйым салынады. Қала тұрғындарының 99,4 пайызы газбен қамтылған. Сондықтан қосымша шығынсыз экологиялық таза жылытуға көшуге толық мүмкіндік бар», – деді ол.

Депутат әділеттік мәселесіне де назар аударды. «Көптеген тұрғын жаңа көлік сатып алуға шамасы жетпейтінін айтады. Сондықтан төмен шығарындылар аймағы бірден емес, кезең-кезеңімен енгізіледі. Өтемақы шаралары қарастырылады, қоғамдық көлік қолжетімді болады. Ең бастысы – бұл шара ең алдымен осал топтардың денсаулығын қорғауға бағытталған», – деді ол.

Халықаралық тәжірибеге тоқталған депутат: «Еуропаның 300-ден астам қаласы төмен шығарындылар аймағын енгізіп, ауаның сапасын едәуір жақсартты. Алматы да лас ауамен күресіп отырған жалғыз қала емес. Біз халықаралық тәжірибені қолдануды жөн көрдік», – деді.

ОРТАҚ МАҚСАТ – ТАЗА АЛМАТЫ

Жаңа ережелерді талқылаған сарапшылардың пікірінше, Алматыдағы өзгерістер халықаралық тәжірибеге сай келеді. Қытай, Ұлыбритания, Еуропа елдерінде төмен шығарындылар аймағы оң нәтижесін беріп отыр. Алматыда да бұл бастама кезең-кезеңімен жүзеге асып, халықтың ұсыныстары ескеріледі.

Мамандардың ортақ ойы – шектеулер міндетті түрде қолдау шараларымен қатар жүруі керек. Яғни қоғамдық көлікті дамыту, экологиялық таза көліктерді ынталандыру және тұрғындарға балама таңдау ұсыну – басты басымдық.

Алматылықтар үшін таза ауа – жәй ғана талап емес, әр азаматтың денсаулығын қорғаудың кепілі. Жаңа экологиялық ережелер осы ортақ мақсатты жүзеге асыруға бағытталып отыр.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ.





КОНСТИТУЦИЯ – 30

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ:

Азаматтар өз құқығын қалай қорғай алатынын білуі тиіс

ҚР Конституциясының 30 жылдық мерекесіне орай Алматыда «Азаматтардың құқықтарын қорғаудағы ведомствоаралық өзара іс-қимыл» тақырыбында «дөңгелек үстел» өтті.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Шара «Human Rights Lawyers» қоғамдық қорының, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің, «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» және Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның қолдауымен ұйымдастырылды.

«Дөңгелек үстелге» Алматы қаласы Полиция және Әділет департаменттерінің өкілдері, Алматы және Жетісу облыстарынан келген мамандар, үкіметтік емес ұйымдардың жетекшілері мен мүшелері, адвокаттар, заңгерлер, құқық қорғаушылар, белсенді еріктілер және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысып, азаматтардың құқығын қорғау жүйесін жетілдіру, құқық бұзушылықтың алдын алу, халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру мәселелерін кеңінен талқылады. Психологтар мен қоғам белсенділері құқықтық қорғау саласындағы әлеуметтік қырларға тоқталды.

Ұлттық құрылтай мүшесі, Әйелдер және отбасы-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия төрағасының орынбасары Айман Омарова атап өткендей, қоғамдағы басты мәселе – азаматтардың өз құқығын білмеуі, білгенімен, заңды жолмен емес, оңай әдіспен шешуге тырысуы. Бұл – жемқорлыққа жол ашатын қауіпті әдіс. Адвокатқа заңды түрде төлеуге ақшасын қимай, пара беріп, мәселені шешуге тырысады. Мұндай қауіпті құбылысты түбегейлі өзгерту қажет.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Айман ОМАРОВА, Президент жанындағы Әйелдер ісі және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия төрағасының орынбасары, құқық қорғаушы:

ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСКЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ КЕРЕК

Ұлттық комиссияның қолдауымен жүзеге асып келе жатқан «One Stop Service – Бір қадам» жобасы бар. Басты мақсаты – әйелдер мен балаларға қарсы зорлық-зомбылықтың алдын алу және зардап шеккендерді қорғау. Мониторинг нәтижесін көріп отырмыз. Кей өңірлерде адамдар өз құқығын біледі, бірақ көбіне құқықтық білім деңгейі төмен. Азаматтар алиментке арыз беру тәртібін, тегін адвокат алу жолдарын, банктен заңды түрде көмек алу мүмкіндіктерін білмей жатады. Бұл білімсіздік кейде қылмыс жасауға да итермелейді. Сондықтан құқықтық насихат жұмыстарын күшейту өте маңызды.

Екінші үлкен мәселе – сотталғандар

жайы. Қылмыстық кодекске өзгерістер енгізу керек деп санаймын. Баласы бар әйелдерге, жүкті әйелдерге қатысты «жазаны кейінге қалдыру» немесе шартты түрде босату шаралары бірде қолданылады, бірде қолданылмайды. Бұл – заңды әртүрлі түсінудің, кейде кемсітудің көрінісі. Соның кесірінен түрмелер толған.

Тағы бір алаңдатарлық жағдай – кәмелетке толмағандардың аса ауыр қылмыстарының көбеюі. Бұрын ондай балалардың саны аз болса, қазір ондаған жасөспірімдер зорлық-зомбылық, адам өлтіру сияқты ауыр қылмыстар үшін жазасын өтеп жатыр. Ал отбасы мәселесіне тоқталсақ, ең әуелі балаларды қорғау – ата-ананың міндеті. Өкінішке қарай, кей ата-аналар жұмысбастылықты сылтау етіп, балаларына көңіл бөлмейді. Осыдан түрлі проблемалар туындайды. Кейде отбасындағы зорлық-зомбылық жасырын қала береді. Ал оның соңы қайғылы жағдайларға әкеліп соғады: әйелдің өлімі немесе қорғану мақсатында күйеуін өлтіріп қою оқиғалары жиілеп барады.

Шынар МАҚСАТҚЫЗЫ, Алматы қаласы Әділет департаментінің арнайы өкілі:

МИНИСТРЛІК ЧАТ-БОТТЫ ІСКЕ ҚОСТЫ

Азаматтардың ең жиі қоятын сұрақтары – алимент өндіру, мүлкікті дауларды шешу, есепшоттардың бұғатталуы, сот шешімдерін қайдан алуға болатыны сияқты мәселелер. Осыған байланысты Әділет министрлігі арнайы чат-ботты іске қосты. Бұл жасанды интеллект тәулік бойы тегін қызмет көрсетеді. Мысалы, азамат алимент өндіру жайлы сұрақ қойса, бот оған қай мекемеге бару керек екенін, қандай құжаттар қажет екенін нақты көрсетіп береді. Бұл – халыққа құқықтық көмек алудың қолжетімді жолы.

Жалпы алғанда, құқықтық сауаттылықты арттыру – бүгінгі күннің маңызды міндеті. Әр азамат өз құқығын білсе, даулар мен мәселелердің алдын алуға болады.

ЖӘРМЕҢКЕ



Суретті түсірген Қайрат ҚОШЫСБАЕВ.

КЕҢЕС ЖӘНЕ КӨМЕК

Алатау ауданында Мемлекеттік қызмет алушылар күніне орай жәрмеңке ұйымдастырылды.

Іс-шара барысында азаматтар түрлі мемлекеттік қызметтер туралы кеңес алып, өзекті сұрақтарына тікелей жауап алды. Жәрмеңкеге Алатау ауданы әкімінің аппараты, қоғамдық денсаулық сақтау, білім және цифрландыру басқармалары, мемлекеттік кірістер департаменті, Алатау ауданының полиция басқармасы мен көші-қон қызметінің бөлімі, сондай-ақ санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті, «Азаматтарға арналған үкімет» корпорациясының Алматы қаласы бойынша филиалының өкілдері қатысты.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Алматы қаласы бойынша департаментінің МҚБ басшысы Мақсат Жаңбыршиев іс-шараның маңыздылығы туралы атап өтті.

– Бүгінгі іс-шараның мақсаты – аудан тұрғындарына әртүрлі мемлекеттік қызмет алуда көмектесу. Бүгіннен бастап әр бейсенбі сайын қаланың 8 ауданында осындай жәрмеңке өтіп тұрады. Жәрмеңкенің ерекшелігі – мұнда барлық мемлекеттік органдар бірге шоғырланған және құқықтық көмек көрсету мүмкіндігі бар. Сондай-ақ, мамандар цифрлық сауаттылықты арттыруға көмектесіп, қажетті сала бойынша кеңес беруге дайын, – деді ол.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ»

МЕЙІРІМДІ ЖАНДАРҒА АЛҒЫС

Жаңа оқу жылы қарсаңында Алматы қаласындағы дүнген этно-мәдени орталығының Аналар кеңесі мен Қазақстан дүнген этно-мәдени республикалық орталығының Жастар кеңесі де игі іс-шара – «Мектепке жол» акциясына атсалысып, әлеуметтік қолдауға мұқтаж, көпбалалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан 35 балаға көмек көрсетті.



Рая
ЕСКЕНДІР

«Мектепке жол» республикалық акциясы аясында Алатау ауданындағы №151 жалпы білім беретін мектепте өткен қайырымдылық іс-шарасы барысында олар балаларға мектеп формасын, сөмкелер мен канцеляриялық тауарларды қуанышқа кенелтті.

Осынау сәтте балалар мен олардың ата-аналарының ризашылығын сезініп, алғысын естудің өзі өте әсерлі болды. «Қайырымды іске ұйытқы болған жандардың көрсеткен қолдауы мен жана-шырлығы үшін зор алғысымызды білдіреміз. Қашан да көмек көрсетуге дайын жүретін барлық мейірімді жандарға, Алматы қаласының кәсіпкерлері мен іс-



кер азаматтарына алғыс айтамыз», – дейді Дүнген этно-мәдени орталығы Аналар кеңесінің төрайымы Рима Рамазанқызы.



ЭКОЧЕЛЛЕНДЖ



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

«Таза Қазақстан»:

ДУЛАТТЫҢ «ВИРУСЫ»

қоғамда үлкен серпіліс тудырды



«Таза Қазақстан» акциясы аясында Сайран көлінің жағалауында ерекше іс-шара өтті. Бұл игі бастаманың басында – 20 жастағы жас блогер Дулат Нәбиев тұр. Ол «Вирус» атты әлеуметтік жобасын қолға алып, соның аясында «90 күн – таза қала үшін» атты экочелленджді бастаған болатын.

Негізгі мақсаты – жастарды әлеуметтік желі арқылы экологиялық мәдениетке баулу, қала тұрғындарын табиғатты аялауға үндеу.



Ернұр
РЫСБАЙ

Дулаттың айтуынша, бастапқыда ол әлеуметтік желілерде уақытын босқа өткізіп жүргенін түсініп, қоғамға пайдалы контент жасауды қолға алған. «Алғашқы күндері бізде тәжірибе де, қажетті құралдар да болған жоқ. Соған қарамастан Алматы көшелерінен қоқыс жинауды бастадым. Алғашқы аптада күн сайын 10 қаптан аса қоқыс шығардық. Әлеуметтік желіде жариялаған соң, халық қолдау білдіріп, бізге қосыла бастады», – дейді ол.

Осылайша челлендждің 11-ші күнінен бастап Сайран көлінің аумағын тазалау басталды. Өйткені, бұл жерде халық көп жиналатынына қарамастан, қоқыс та көп қалатын. Алғашқыда алты-ақ еріктімен жұмыс істеген жастар бірте-бірте отыздан астам белсенділердің басын қосты. Қазір Дулаттың бастамасына тек Алматы жастары ғана емес, басқа өңірлердің де белсенділері қосылды. Шымкентте екі жүзден астам жас, Жаркентте 150-ге жуық, Жетісайда 100-ге тарта жастар ерікті жобаға атсалысқан. Жалпы төрт қалада жиналған еріктілердің саны 500-ге жеткен.

– Біздің ең басты мақсатымыз – 90 күн ішінде Алматыны ғана емес, еліміздің өзге қалаларын да тазалыққа шақыру. Бұл тек қоқыс жинау емес, халықтың экологиялық мәдениетін қалыптастыру. Қала тұрғындарына үлгі болып, табиғатты қорғауға деген сүйіспеншілігін оятқымыз келеді, – дейді Дулат Нәбиев.

Жастардың бұл игі ісіне кәсіпкерлер де, мемлекеттік органдар да қолдау білдіріп отыр. Мәселен, отандық компаниялар арнайы қаптар, қолғаптармен қамтамасыз етіп, тіпті техника түрінде көмек көрсеткен. Кейбір кәсіпкерлер командаға қажетті құрал-жабдықтар сыйласа, Алматы қаласы әкімдігі мен Жастар саясаты басқармасы ұйымдастырушылық тұрғыда қолдау танытқан.

Сонымен бірге, челлендждің әлеуметтік желілердегі парақшалары арқылы халық та өз үлесін қосып, еріктілердің тамағына, жол шығындарына қаржылай көмек беріп отыр.

«Таза Қазақстан» акциясы аясында өткен Сайрандағы іс-шараға жиналған қоқыстың көлемі жүздеген қапқа жетті. Бұл – тек жастар ғана емес, барша алматылықтар ойланатын мәселе. Қала тазалығы әр тұрғынның жауапкершілігіне тікелей байланысты. Жас блогердің бастамасы қоғамда үлкен серпіліс тудырып отыр. Экочелленджге қатысқан әрбір жас табиғатты қорғаудың маңызын түсініп, өзгелерге үлгі болуда.

Алматының әсем табиғатын сақтау – бүгінгі ұрпақтың ғана емес, келешек буынның да игілігі. Сондықтан қала тұрғындары тазалықты сақтап, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бірге үлес қосқаны абзал.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

СЫРТҚЫ ЖАРЫҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ

қарқынды жаңғыртылуда

Биылғы жеті айдың ішінде шаһардың сегіз ауданында 21 600 жарық нүктесі қалпына келтіріліп, 230 шақырым кабель ауыстырылды және 1225 жаңа сыртқы жарық бағаны орнатылды. Үздіксіз жүргізіліп жатқан осы жұмыстардың арқасында тұрғындардан түскен өтініштер саны өткен жылмен салыстырғанда 2,5 есеге азайып, биыл 8445-ақ арыз тіркелді.



Ернұр
РЫСБАЙ

Өңірлік коммуникациялар қызметі ұйымдастырған арнайы пресс-тур барысында мамандар жыл соңына дейін қала көшелерін толықтай жарықтандыру жоспарланып отырғанын жеткізді. Қаланың басты көшелерінде де жаңа шамдар орнатылып, жолдар бұрынғыдан да жарқырай түсті. Мәселен, Сейфуллин даңғылы бойында бұрын әр бағанға бір ғана шам ілінсе, бүгінде екі шамнан қойылған инновациялық консольдер арқылы көшенің екі жағы бірдей жарықтандырылуда. Жаяу жүргіншілер үшін де қолайлы жағдай жасалып, Абай мен Достық даңғылы, Наурызбай батыр, Сәтбаев, Өтеген батыр сияқты негізгі көшелердің тротуарларына шамдар орнатылды. Тимирязев көшесінің Желтоқсаннан Жандосовқа дейінгі аралығындағы ескі шамдар түгел ауыстырылып, бұрын-соңды жарығы болмаған тротуарларға жаңа торшер бағандары қойылып жатыр.

Республика сарайының алдындағы Абай алаңында шамамен 1 шақырымдық кабель желісі мен



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ескірген 50 шам ауыстырылып, заманауи жарық көздері іске қосылды. 28 гвардияшы-панфиловшылар саябағында да үлкен өзгеріс байқалады. Мұнда бұрынғы 250 шам қуаты жоғары, жарығы мол LED-шамдарға ауыстырылды. «Алматы Қала Жарық» мекемесінің өкілдері жаңа шамдардың 4000 Кельвиндік жылы жарығы саябақта жайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастыратынын айтады. Шығыс айналма автожолында шамамен 800 шам қуаты төмен 150 ваттықтан қуаты жоғары 200 ваттық шамдарға ауыстырылды. Соның нәтижесінде жарықтандыру деңгейі 20-дан 70 люксқа дейін көтерілді. Дәл осындай жұмыс Рысқұлов даңғылында да жүргізіліп жатыр. Сейфуллин даңғылының Рысқұлов көшесінен төмен бөлігінде 150 ваттық шамдар мен 4 метрлік кронштейндер орнатылып, қосымша тротуар бойына 60 ваттық шамдар қойылуда.

Маман Нұржан Әлсейітовтің айтуынша, жаңа кронштейндердің артықшылығы – ағаштарды ке-

судің қажеті жоқ, қамту аймағы кең, жол әлдеқайда жарық болады. Сонымен қатар, бұрын қараңғы болып келген көшелерге де жарық жетіп жатыр. Соңғы айларда ғана «Алматы Қала Жарықтың» күшімен 400 баған, 500-ден астам консоль және мыңға жуық шам орнатылды. Жалпы жарықтандыру желілерін салу мен жаңғыртуда аудан әкімдіктері мен Қалалық мобильділік басқармасы негізгі жауапкершілікті атқарса, парктөрт, скверлерді және өзен арналары аумағын жарықтандыру Қоғамдық кеңістікті дамыту басқармасына жүктелген. Жолдарды жарықтандыруды Құрылыс басқармасы қолға алған. Ал қолданыстағы желілерді күтіп-ұстау мен жөндеу жұмысына «Алматы Қала Жарық» мекемесі жауапты. Қала тұрғындары үшін жарық көшелердің қауіпсіздік пен жайлылық тұрғысынан маңызы зор. Алматы күндіз ғана емес, түнде де жарқырап, өмір сүруге қолайлы әрі заманауи мегаполис бейнесін қалыптастырып келеді.

КӘСІБИ МЕРЕКЕ

ЕЛ ТҰТАСТЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ

Қазақстан Республикасы Шекара қызметіне – 33 жыл!

1992 жылдың 18 тамызы күні ҚР Президентінің Жарлығымен Шекара қызметі құрылды. Содан бері еліміздің шекарашылары мемлекеттің тыныштығы мен қауіпсіздігін қалт жібермей күзетіп келеді.



Нұрлан
СҮЙІН

Шекара – мемлекет тәуелсіздігінің, егемен елдің тұтастығының кепілі. Биыл құрылғанына 33 жыл болған Алматыда шекара қызметінің атаулы күні әдемі аталып өтті.

Көктөбеде шекарашы өнерпаздар танымал әншілермен бірге қала тұрғындары мен қонақтарға мерекелік концерт ұсынды. Ал Наурызбай ауданындағы «Әлем» инновациялық шығармашылық орталығында ҚР еңбек сіңірген әртісі Айжан Нұрмағамбетова бастаған әншілер мен бишілер көпшілікке мерекелік көңіл күй сыйлады.

Кәсіби мерекелеріне орай шекара қызметінде жүрген сарбаздар да, олардың командирлері де түрлі марапатқа ие болды.

– Биыл Тәуелсіз Қазақстанның Шекара қызметінің құрыл-



ғанына – 33 жыл. Өздеріңіз білесіздер, Қазақстан бірнеше мемлекетпен шекаралас. Оның ішінде құрғақ жер ғана емес, Каспий теңізінде де шекарамыз бар. Біздің мемлекетіміздің Ресеймен ең ұзақ шекара аймағы бар. Тағы айтатын нәрсе, Қазақстан Қытай, Қырғызстан, Өзбекстан елдерінің Батыспен байланысының дәлізі.

Осының барлығы Шекара қызметіне ерекше міндеттер жүктейді. Сол себепті де, шекарашылар бір сәт те босаңси алмайды. Тек осындай айтулы күндерде ғана шекарашылар бір сәтке көңіл көтеріп, мерекені атап өтуге

мүмкіндігі бар. Алматы облыстық департаменті үздік шекарашыларды марапаттап, осындай концерттер ұйымдастырып отырмыз. Бұндай іс-шаралар бір жағынан Шекара қызметінің халық алдындағы абыройын арттырса, екінші жағынан, мақсат – әскерге баратын бозбалаларды қызметке баулу.

Әрине, шекара қызметіне тек таңдаулылар ғана бара алады. Еліміздің іргесі берік, тәуелсіздігі тұғырлы болсын! – деді Шекара қызметі Алматы облыстық департаменті бастығының орынбасары, полковник Серік Қабылғазыұлы.



ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМ

ЖАН ӘЛЕМІ ЗЕРЕК ТҰЛҒА

Шора Бөкенұлы жайлы бір үзік сыр...

Өмір өткелінде дидары нұр шашып тұратын талай жақсылармен жүз-десіп, адами қасиеттерінен, кісілік болмыстарынан тағылым алып, болмасақ та ұқсап бағуға талпындық. Олардың сөзін тыңдағанда жаның жадырап, көңілдің көкжиегі кеңиді. Жастықтың желігімен ескексіз қайықтай, қай жағадан шығар екенмін деп желпініп жүргенде, ақыл-парасатымен желеп-жебеген бір азамат қанатының астына алса, ол бір ғанибет. Бауырына тартып қана қоймай, тура бағытқа жөн сілтейтіні де рас. Ондай өресі биік, өрісі кең кемелдің сеніміне селкеу түсірсең, сөзің мен ісің қабыспаса, ол сені маңына жолата қоймас. Бұл оның бірмойындығынан емес, адамдық пен адалдықтың тізгінін тең ұстағандығынан болар. Иә, біз тұспалдап келе жатқан кісіміз – қарғадайынан ақиқат жолын таңдаған, сол жолдан табаны таймаған, уақыт өзгеріп, заман желі қанша жерден құбылып соқса да, бұрысын түзеп, дұрысынан танбаған, талай замандастарым қасында жүріп бой түзеген, жақсы аға, жайдары қазақ Шора Бөкенұлы Иманов еді.

Ақиқат жолындағы азамат еді

Бітім-болмысы бүтін, салмақты, артық сөзге жоқ, барлай қарап барып, көңілінен шыққан іске, сөзге ризалығын бүгіп қалмайтын, жанын жадыратар сәт бола қалса қараторы жүзіне шуақ кіріп, жымыиып қоятын, шын сөзге шын күле алатын азамат ағамен алғаш рет дидарласқанда, ол Қазақ елінің ЦК-сының беделді қызметкерлерінің бірі еді.

ЦК десе, аяқты тарта басып, бас бағып сөйлейтін кез. Менің қалам ұстайтынымды естігенде сөре толы кітаптарға қол созып еді. Илияс Есенберлиннің алғаш шыққан «Қаһар», кейінгі «Көшпенділер» трилогиясы, Шәкәрімнің «Түрік, қырғыз – қазақ һәм хандар шежіресі» туралы ой бөлісіп, Ж.Тұрлыбаевтың қолтаңбасымен берген «Райымбек батыр» романындағы жер атауларына ерекше көңіл аударғаны бар. Бірде «Аяулы Шора бауырым!», бірде «Халықтың қалаулы ұлы болу бақыты басыңнан кетпесін, Шоражан!» деп ақ тілегін төккен Тұмаға –Тұманбай Молдағалиев кітаптарына үңіліп:

«Өзімменен өзім кейде сөйлесем, Сол бір кезде арман да анық, ой да әсем. Өмір маған тойып кетіп жүрмесе, Мен өмірдің қызығына тоймас ем», – деген төрт жол өлеңін жатқа айтып, өзге де ақын жазушылар жайлы байламын білдіріп, адалдықпен аға-іні болалық деген үні құлақтан кетер ме? Содан бері қырық бес жыл өтіпті. Жора-жолдасы көп кезде де, өткен жылы мына жалған дүниеден бақиға аттанғанға дейін де аға-іні болып өмір кешті. Иә, ағаның иігіе деген зілсіз ашуы да болатын, ол ұзаққа бармайтын. Жібек орамалды желпігендей тез тарайтын.

Шора ағаның бойындағы ұлттық қасиеттің түп тамыры қайда жатыр десем, әкесі Бөкен, атасы Иман иманды да ибалы, халықтық қалыптағы көкірегі ояу жандар болыпты. Жалғыз ұлдарын 1946 жылы Талғардағы қазақ орта мектебіне беріп, рухсыз өсуден құтқарыпты.

Сұрапыл соғыстың ызғарын еміс-еміс біліп, жеңістің шаттығын жеті жасында көріп қана қоймай, оның сабағы өмір бойы арам пиғылдан, қара ниеттіктен алыс жүруге жетелепті. Ар мен адалдықтың «құлы» болып өткеніне куәміз.

Білімге құштар толқынның өз өкілі

Білімге құштар, ертеңгі күнге үміті ұлкен Шора аға мектепті 1956 жылы алтын медальмен бітіреді. Ол кезде де үздік түлек қалаған жоғары оқу орнына емтихансыз түсуге құқық берілген екен. Сол жеңілдікпен қазіргі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Экономика факультетіне түсіп, оны да жақсы аяқтайды. Ауылына, әкешеше қасына оралып, Талғар тоқыма фабрикасына бірден бас экономист болып қызметке тұрады. Білімі мығым, алғырлығы басым жас жігіт осы жерде теория мен тәжірибені ұштастырып, есепке

есе жібермей, өзін шыңдайды. «Жалғыз ұлсың, отау тік, қолымызды ұзарт» деген ата-ана тілегін орындап, Мағрифа жеңгемізбен бас құрайды. Екі ұл, екі қыз қанаттандырды.

Іс тетігін білетін, жұртпен, жастармен тіл табысып жұмыс жасаудағы қарым-қабілетін бағалаған азаматтар алғашқы баспалдағына жол ашып, Талғар аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болады. Одан кейін Алматы облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысына сайланып, алғырлығымен алдыңғы толқынға танылады. Үш жыл өткен соң партиялық жұмысқа ауысып, Алматы қаласындағы бұрынғы Ленин аудандық, қазіргі Жетісу аудандық партия комитетінің екінші хатшысы, бұрынғы Совет, қазіргі Алмалы аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметтерін атқарады. Осы арада ойға көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, білім саласының айтулы тұлғасы Шәмша Беркімбаевамен әңгіме үстінде Шора Бөкенұлы туралы ой бөліскеніміз бар еді. Қазақтың қанатты қызы ол кісі туралы ағынан жарылып, Алматы облысы жастар ұйымын басқарған тұста қызметтес болғанын тілге тиек етіп, Қаскелең аудандық комсомол ұйымының бірінші хатшылығына ұсынып, оны мүлтіксіз атқарғанын еске алып: «Шора Бөкенұлы Совет ауданының бірінші хатшысы қызметінен білім жетілдіруге кеткенде, орнына мен келген едім. Ол комсомолда ғана емес, партия жұмысында да қарымды қабілетімен танылғанына талай рет көз жеткіздім. Қоғам жұмысына тиянақты, төрт жағын түгендегенде талапшыл еді, орынды жерінде қаталдығы да бар еді. Мен демейтін, ел дейтін, мол тәжірибесімен бөлісуден бір сәт те танған емес. Ақыл-кеңесімен бөлісуге де әркез дайын тұратын. Мен сондай адал да арлы азаматпен қызметтес болғанымды мәртебе санаймын. Зейнетке шыққаннан кейін де, әр жерге бас сұқпады. Өзінің биігінде қалды. Сол үшін де Шора Бөкенұлына деген ілтипатым ерекше» деп еді.

Желтоқсан көтерілісінің ызғары

Осылайша адамдығымен, азаматтығымен жұрт назарында болған ол Мәскеудегі КОКП-тың Қоғамдық ғылымдар академиясында екі жыл білімін жетілдіріп келгеннен кейін Алматы облыстық, Қазақстан орталық партия комитетінде лауазымды қызметтер атқарды. 1984 жылы Алматы қалалық партия комитетінің хатшысы болса, одан кейін Отанымыздағы Еңбек министрлігінде бас экономист, бөлім бастығы қызметтерін атқарды. Бұл жұмыстарға ауысуына Желтоқсан көтерілісінің ызғары: ұлтшылсыңдар, партия саясатын жастар арасында дұрыс жүргізе алмадыңдар, ұлтаралық қатынастар мәдениетін сақтамадыңдар, өзге де орайы келіп тұқыртып алу секілді арам пиғыл себеп болғанын айта кетелік. Хатшылықтан босатқан соң біраз уақыт үйде отырып қалды. Айызы қанғандар алыстады, шын тілектестер қасынан табылды. Солардың



бірі, айбыны бар, басымды алсаң да тіліме тиісе алмайсың деп тура тартатын кісілігі мен кішілігі, адами қасиеті бөлек, құбылаға қарап құбылып шыға келуге жоқ, ар туын көтерген турашылдығы үлгі Зәкең – Заманбек Нұрқаділов еді. Жұмыстан кейін Шора ағаның үйінде бас қосып, жабырқаған көңілді жадыратып қайтатынбыз.

Бір күні Заманбек аға: «Сол қасіретті күндері еңбек демалысында болмасам, мені де қағып түсіретін еді. Жақсы күндер келеді, жұп жазбай жүретін уақыт болады» дегені бар. Айтқаны келіп, «мәңгілік» партия ығысып, басқару жүйесі әкімдікке тиіп, Зәкең Алматы қаласының әкімі болды. Жаңа құрылымды дұрыс жолға қойып, халық талабын қалтқысыз орындау ісінде бірлікте жұмыс жасау мақсатында Заманбек Қалабайұлы 1991 жылы жұмысты үйлестіріп отыруға қабілетіңіз жетеді деп, Шора ағаны Алматы қалалық әкімшілігі аппарат басшысына шақырды. Ол уақыттағы аласапыран жұртқа мәлім. Небір болжауы қиын тірліктер әр адамның басынан өтіп, елдік жолдағы күмән мен күдік жағаласап тұрған кез. Бірақ ұлт болып ұмтылу, жұрт болып жұмылу талпынысы, «Бостандыққа апаратын жалғыз жол – ұлттық ынтымақ қана» (Ә.Бөкейханов) деген ұлы ұғымға ұйысқан азаматтардың ақыл-парасат, күш-жігерлері бір білектегі бір уыста болаттай қорып, «Ойдағымыз болды. Ортамыз толды. Төбедегі келді. Тек ұзағынан сүйіндіргей. Ақ жолдың алдындамыз. Үлкен тілектің үстіндеміз» (Ә.Кекілбаев) деп алғаш тұзу жолға түсіп еді. Ол уақыт туралы ой өрбітсең кейінгі толқынға аңыздай көрінуі мүмкін. Бірақ тарихқа айналып бара жатқан ақиқатты жоққа шығара алмасақ керек. Ту тіккен, сол кезеңдегі астана – Алматыдағы сын сағаттың өткелінде Шора Бөкенұлы да жүріп еді.

«Тәуелсіздігіміз тамырын тереңге жая берсе екен»

Тұңғыш рет төрткүл дүниені мекен еткен он миллион қазақтың басын қосқан Алматы Құрылтайын өткізу кезінде Алматы әкімдігі аппарат басшысы ретінде қосқан үлесі ерекше болғаны талай азаматтардың есінде шығар. Күнделікті сан салалы іспен қатар, мерзімдік басылымдарға шыққан мақалалары да аз болған жоқ. Көз жіберіп, оқып көрелік: «Қандас туыстармен Алатаудың баурайында қауышқанда қалай-асып таспайсың! Тек ұзағынан болып, тәуелсіздігіміз тамырын тереңге жая берсе екен» дейді. Бұл 1992 жылдың күзі еді. Тағы бір мақаласында Ж.Молдағалиевтің «Мен – қазақпын» поэмасына бойлап барып, «Мен – қазақпын, мың өліп, мың тірілген» деген бір жолын ойға оралтып, «Дербес ел болдық. Ендеше, өлуге тиісті емеспіз. Өсуіміз керек. Жоғымызды тауып, өшкенімізді жағып, өлгенімізді тірілтуіміз қажет... «Ырыс алды – ынтымақ», «Береке басы – бірлік» дейікші бір» дейді. Ұққан жанға бұл аталы

да баталы сөз еді. Үш жылдан кейін Алматы қалалық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы болды. Өз қалауымен зейнетке шықты. Бір атап өтерлігі, кеңес делінетін дәуірдің қарасы батып, ту-талақай бассыз басталып, алып кеткен, жұлып кеткен, жеп жіберіптіден осы екі қайраткер, нақтылай түссек, Зәкең де, Шөкең де таза екен. Оған дәлел, арттарынан алып-қашпа сөз, желдей ескен жағымсыз сарын естілмейді.

Біз жақсы білетін Шора аға өткен ға сырдың жетпісінші жылдары алған үш бөлмелі пәтерді місе тұтты. «Халықтың қазынасына қол салуға болмайды. Обырлық оңдырмайды. Мен осы жолды таңдаған адаммын. Әкем ешкімнің ала жібін аттама, азғыруына көнбе деген. Оны орындамау әкеге опасыздық болады», деп ешқандай ашкөздікке бармады. Зейнет демалысына шыққаннан кейін өзін-өзі ұстап, барға ризалығын білдірді. Өмірінің соңына дейін ешкімнің алдына барып, жағдайын айтып жалпақтамай, балаларына қызмет сұрап әркімнің зілдей есігін қағып жалтақтамады. «Алдыма ұстар темірқазығым – арды аттамау, адами биіктен құлдырамау, табиғи болмысымнан жаңылмау!» деп туралықтан танбай кетті. Тура дегеннен шығады, тура қадам басатын адам «мінезсіз» болмайды. Сөзі ала-құла, ісі шұбар-шұбар, күні үшін өтірік күлімдейтіндер табыла қалса, бетің бар, жүзің бар, лауазымың бар демей айтарын айтып, ондайларды маңына жолатпайтын, маңына да бармайтын.

Алдындағы шарапаты мол, шалқар көңіл ағаларына ілтипаты ерекше еді. Олардың қатарында: Димаш Ахметұлы Қонаев, Бәйкен Әшімов, Асанбай Асқаров, Балғабек Қыдырбекұлы, өзге де ұлт жақсылары аз емес еді. Әсіресе, нағыз қайраткер, экономика саласындағы білімі ұшан-теңіз, тазалығы тас бұлақтың суындай, деп Қаратай Тұрысовты үлгі тұтып отыратын. Ал Зәкең мен Марат Шорманов, Нұрғали Мамыров, Бекболат Бірбаев, Болат Әужанов, тағы басқа тұстастарының орны бөлек.

Елге, жұртына адал қызмет етудің үлгісі

Ана заманның да өкілі болып, ту көтерген еліміздің де еңсе тіктеуіне өз үлесін қосқан Шора Иманов еңбегі «Құрмет белгісі», «Еңбек Қызыл Ту» ордендерімен аталса, «Ерен еңбегі үшін», «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» медалімен марапатталған. Елге, жұртына адал қызмет етудің үлгісі болған, өңірде жастар лидеріне айнала алған, лауазымды жұмыстарда жүргенде де тектілігінен танбаған Шора Бөкенұлы Имановқа ендігі жерде екінші өмірін жаңғыртатын іс-шараларды кейінгі толқын жөн-жосығымен атқарып жатса құба-құп болар еді. Алматы қаласы мен Талғар ауданының аумағынан атына көше беріп жатса, өзге де құрметтер көрсетілсе жас ұрпақ танып-біліп қана қоймай, өздеріне өнеге тұтып, уақыттың өтпелі екеніне көз жеткізер еді. Алдыңғы толқынды бағалап отыруды дәстүрге айналдырар еді. Меннен арылтып, «алдымда бар екен ғой аға ұрпақ» дегізер еді.

Жан әлемі зерек, арғы бергіні таразы басында теңшеп барып қана байламын айтатын азамат, ағалық жастан, аталық жастың биігіне көтерілгенде түп тамырына үңіліп, ел-жер тарихына бұрынғыдан да тереңдеп барып жүрді. Кеген ауданындағы көркем жер үш Меркінің шет Меркі аңғарындағы сулы да нулы, қарағайы жыл бойы жап-жасыл болып тұратын Иман атасының сайына ат ізін салып, екі ұлының құлағына ол туралы құйып, ұлтың мен шыққан тегінді біл, халқыңды қадірле, жұрт кісісі болу міндеттерің деп, жетесіздіктен құтылудың жолы: жеті атанды көкейіңе қорғасындай қорыта алу, деп жеті аталарын хатқа түсіріп кетіпті. Бұл кім-кімге ескеріп жүретін зиялының зияны жоқ өсиет-үлгісі десек, асырып айтқандық болмас.

Сүлеймен МӘМЕТ,
журналист,
Қазақстанның мәдениет қайраткері.



Медициналық қызмет нарығы:

ДӘРІГЕРЛІК КЕҢЕС ПЕН КӨМЕК

жеке клиникаларда неге қымбат?

Қазақстанда соңғы жылдары медициналық қызмет көрсететін жекеменшік орталықтар мен клиникалардың саны күрт өсті. Әсіресе, Алматы, Астана, Шымкент сынды ірі қалаларда «заманауи жабдықталған», «жылдам әрі сапалы» қызмет ұсынатын емханалар мен клиникалардың жарнамасын жиі кездестіруге болады. Бір қарағанда, бұл халық үшін жақсы жаңалық сияқты көрінеді. Бірақ мәселенің екінші қыры бар, ол – жекеменшік денсаулық мекемелеріндегі баға саясатының қолжетімсіздігі.



Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

**Тегін емнен – үміт аз,
ақылы емде – шығын көп**

Адамдар сырқаттана қалса, ең алдымен, мемлекеттік емханадан көмек пен ем алуға тырысады. Бірақ мұнда да ұзын-сонар кезек, дәрігер жетіспеушілігі, құрал-жабдықтың ескіруі мен кей жағдайда қызмет сапасының төмендігі көңілді қанағаттандырмайды. Амалсыздан жекеменшік клиникаға барған тұрғын алғашқы қабылдаудан ақ қалтасына салмақ түскенін сезеді. Жеке клиникаға кіргеннен бастап әрбір қадамыңыз – ақылы. Тіркелу ақысы бөлек, дәрігердің алғашқы кеңесі бөлек, диагноз қою мен талдама тапсыруға тағы ақша төлейсіз. Одан кейінгі емдеу, дәрі-дәрмек, тіпті кей жағдайда дәрігер жазып берген анықтама үшін де қосымша төлем талап етіледі. Нәтижесінде қарапайым бір аурудың толыққанды емдеу курсы бірнеше жүз мың теңгеге дейін жетуі мүмкін.

Жақсы табысы бар адамдар үшін жекеменшік клиникалар қызметіне



жүгіну аса көп шығын болмауы мүмкін. Олар сапалы қызмет үшін қанша болса да ақы төлеуге дайын. Бірақ көпшілік – орта табысты немесе күнкөріс қамымен жүрген халық. Мұндай жандар үшін жекеменшік клиниканың бағасы қолжетімсіз. Әрине, ондай кісілер тұрақты түрде келмесе де, мәжбүр болған жағдайда міндетті түрде барады. Кейде науқастар ақшасы жеткенше ғана ем қабылдап, толық курсты аяқтамай тоқтатуға мәжбүр. Ал бұл – денсаулыққа ұзақ мерзімді зиян тигізуі әбден мүмкін. Ауылдан қалаға келген тұрғындар үшін жағдай одан да қиын. Өйткені, ірі қалалардағы жалғыз балама – осы жекеменшік клиникалар.

Жеке сектордың артықшылығы неде?

Әрине, жеке клиникалардың пайда-сы жоқ деуге болмайды. Біріншіден,

бәсекелестік – медициналық қызметтің сапасын арттырады. Жекеменшік орталықтар жаңа технология мен заманауи жабдықтарды пайдаланып, халықаралық стандарттарға сай қызмет көрсетуге тырысады. Мұнда дәрігерлердің еңбекақысы да салыстырмалы түрде жоғары болғандықтан, тәжірибелі мамандар жұмыс істеуге ынталы. Дегенмен, сапаның артуы тек ақшалы адамдар үшін қолжетімді болып отырғаны – қоғамдағы теңсіздікті тереңдетіп тұрғаны шындық. Денсаулық сақтау – адамның негізгі құқығы. Сондықтан ол тек төлем қабілеті жоғары топтың ғана еншісінде қалмауы тиіс.

Мемлекеттік сектордағы кезек пен сапа мәселесі халықты жеке клиникаларға итермелейді. Бұл – нарықтың қазіргі көрінісі. Денсаулық сақтау қызметтері көлемінің 62,6%-ын мемлекеттік ұйымдар, 35,2%-ын жекеменшік ұйымдар, 2,2%-ын шетелдік меншік ұйымдар көрсеткен. Бұл – салада жекеменшік ұйымдардың елеулі үлесі барын айғақтайды.

• **Мемлекеттік қаржыландыру: халыққа медициналық көмекті қаржыландыруға 2,8 трлн. теңгеден аса қаражат қарастырылған (оның ішінде ТМҚКК – 1,6 трлн. теңге).**

• **Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) қамтуы: жүйе іске қосылғалы бері толық қамтылғандар үлесі шамамен 84% деңгейінде.**

Мақсатты ваучер: теңқұқылық пен қолжетімділік

Баға тетігіне келсек, жеке клиникада қызмет «пакетке» емес, әр әрекетке бөлек бағаланады – алғашқы қабылдау, қосымша тексерулер, талдама, аппараттық диагностика, процедура, есеп беру құжаттары. Нәтижесінде жалпы чек құны өседі. Бұл ретте «не істеу керек?» деген сауал туындайды. Біздіңше, негізгі қызметтерге «әлеуметтік тарифтер» енгізген жөн. Алғашқы қабылдау, базалық талдамалар, УДЗ, X-рентген секілді қызметтер бойынша шекті бағалар немесе МӘМС арқылы кепілдендірілген көлем кеңейтілуі керек. Емшаралардың МӘМС арқылы қамтылуын кеңейту қажет. Мемлекеттік емханаларға инвестиция көлемін көбейту мен әлеуметтік ваучерлерді енгізу де медициналық қызмет сапасын арттыратын жолдар. Табысы төмен отбасыларға арналған (диагностика мен емге) мақсатты ваучерді өтеуде мемлекеттік емханалар мен аккредиттелген жеке клиникаларға тең құқық берілсе, мұның өзі халыққа қалаған дәрігерлік орталығына қолжетімділікті қамтамасыз етпек.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ

АНА СҮТІ – ӨМІР НӘРІ

**Мегаполисте бөбекті табиғи әрі құнарлы
тамақпен қамтамасыз ету мәселесі
талқыланды**

Алматыдағы Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығында «Омырау сүтімен емізуді қолдаудың заманауи тәсілдері мен жаңа инновациялар» тақырыбында халықаралық конференция өтті.



Нұржамал
ӘЛІШ

«Бала емізу апталығы» аясында ұйымдастырылған конференцияның басты мақсаты – өзара тәжірибе алмасу, заманауи жетістіктермен бөлісу, өзекті мәселелердің түйінін бірге шешу. Дәрігерлер ана сүтінің сәбидің өсіп-жетілуіндегі айтарлықтай рөлі мен әйел денсаулығын да жақсартатын маңызды тұстарын талқылады. Халықаралық конференцияға отандық мамандармен қатар, Беларусь, Ресей, Польша елдерінің дәрігер-ғалымдары қатысты.

Алқалы жиында беделді отандық және шетелдік ғалымдар «Жаңа туған нәрестенің дамуындағы емшек сүтінің әсері», «Перинаталдық орталықтарда омырау сүтімен емізудің проблемасы мен қиындықтары», «Ана сүтімен емізуді қолдау және Омырау сүтінің банктерін іске асыру тәжірибесі» сынды өзге де тақырыптарда баяндама жасады.

Осы орайда айта кетсек, биылғы сәуірде АҰАА қайырымдылық қорының қолдауымен Алматы қаласының Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығында елімізде тұңғыш рет Омырау сүтінің банкі ашылған болатын. Бұл банкке жиналатын сүт шала туған нәрестелер мен анасынан сүт шықпай, емізе алмайтын бөбектерге арналған.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Омырау сүтінің жеке банкі – неонаталдық қызметті жетілдірудегі өте маңызды қадам. Сүт қауіпсіз жағдайда сауылады да, арнайы ыдыста сақталады. Кейін дәрігерлер оны қатырып, керек сәтінде балаларға береді. Бірегей жобаға бастамашыл болған Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі болашақта елдегі әрбір үшінші деңгейдегі перинаталдық орталықтарда осындай банктер ашуды жоспарлап отыр.

– Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне сүйенсек, емшек сүті жыл сайын бес жасқа дейінгі 823 мың баланы, ал 20 мың әйел-ананы сүт безінің қатерлі ісігінен болатын өлімнен аман алып қалады. Ана сүті – бұл өмір есігін енді ғана ашқан сәбиге құнарлы тамақ қана емес, оны түрлі аурудан сақтауға қауқарлы ең қуатты табиғи өнім. Салауатты ұрпақ кепілі. Сондықтан әйелдер осы құндылыққа баса мән беруге тиіс, – дейді Қазақстан–Ресей медицина университетінің Неонатология кафедрасының меңгерушісі, профессор, Халықаралық педиатрия және балалар хирургиясы академиясының академиялық хатшысы Қарлығаш Жұбанышева.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Дариха АБУТАЛИП,
мемлекеттік аурухана дәрігері:**

Медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі бар

Қазіргі таңда қоғамда жеке клиникаларға деген сенім артқанымен, мемлекеттік ауруханалардың маңызы өте зор екенін ұмытпау керек. Иә, бізде пациенттер саны көп, кезек ұзақ. Бұл жағдай халықты амалсыздан жеке клиникаларға баруға мәжбүрлейді. Алайда, мемлекеттік ауруханаларда тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі бар. Яғни қарапайым халық үшін алғашқы диагностикадан бастап, шұғыл жәрдемге дейінгі қызмет ақысыз көрсетіледі. Бірақ адамдардың көпшілігі осы құқықтарын толық білмейді. Мен өз тәжірибемде жиі байқаймын: бір науқас алдымен жеке клиникаға барып, қарапайым тексеруге қомақты қаржысын шығындап алады да, кейін бізге оралады.

Мұның себебі – ақпараттың жеткіліксіздігі мен мемлекеттік ауруханалардың беделінің төмендеуі. Әрине, біздің салада қиындық жоқ емес. Бір дәрігер күніне ондаған науқасты қабылдап, әрқайсысына толық уақыт бөлуге үлгермей қалады. Дәрігерлердің басым бөлігі адал еңбегімен халыққа қызмет етуге тырысып жүр. Медицина – тек бизнес емес, ең алдымен халыққа қызмет көрсету саласы. Сондықтан оның қолжетімді әрі сапалы болуы – баршамызға ортақ міндет.

**Мәдина МАХАТОВА,
қала тұрғыны:**

Баға саясатын реттеу керек

Шыны керек, қарапайым халық үшін жеке клиникалардың бағасы өте қымбат. Мемлекеттік емхана мен ауруханада ұзақ кезекке тұрып, уақытың кетеді, ал кейде қажетті маман немесе аппарат болмай қалады. Сондай кезде амалсыздан жекеменшік емханаға жүгінесің. Бірақ ол жерде бәрі ақшаға байланысты: кіргеніңе ақша, анализ тапсырғаныңыз ақша, дәрігердің кеңесіне тағы ақша. Қарапайым отбасы үшін мұндай шығындар ауыр соғады. Мұндай жағдайға жиі тап болам десем де болады.

Балам ауырып қалғанда мемлекеттік ауруханаға бардым, бірақ ұзақ күтуге мүмкіндік болмады. Ақыры жеке клиникаға баруға тура келді. Бір қаралу мен анализге бір айлық жалақымың жартысы кетіп қалды. Әрине, сапасы жақсы, қызметі жылдам. Бірақ күнделікті халықтың бәрі ондай ақшаны таба алмайды ғой. Сондықтан біз үшін ең бастысы – қолжетімді әрі сапалы медициналық көмек. Жеке клиникалардың баға саясатын реттеу керек. Мемлекеттік емханалар мен ауруханалар толық жабдықталып, қызметі жақсартылса, ешкім артық ақша төлеп жеке клиникаға бармас еді. Біздің тілегіміз – емдеу сапасы мен қолжетімділіктің тең болуы.



ЖАСАМПАЗ ЖАСТАРДЫҢ ҚҰТТЫ МЕКЕНІ

Алматыда Түркі мемлекеттері ұйымының IV Халықаралық жастар фестивалі өтті



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ

Салтанатты жиынға Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева қатысып, Мемлекет басшысының арнайы құттықтау хатын оқып берді. Іс-шара барысында Алматы қаласына ресми түрде «2025 жылғы Түркі әлемінің жастар астанасы» мәртебесі берілді.

ӨРКЕНИЕТ ПЕН МӘДЕНИЕТТІҢ ТОҒЫСЫ

«Алматы – азаматтығымыздың алтын бесігі, жасампаз жастардың құтты мекені. Өркениетіміздің өрісін кеңейтуге өлшеусіз үлес қосқан көптеген ұлы тұлғаларымыз осы қалада өсіп-өнген. Шын мәнінде төл мәдениетіміздің темірқазығына айналған шежірелі шаһар қазақ елінің ғана емес, түркі мемлекеттердің де рухани ортасы саналады. Бүгінгі асқарлы Алатаудың баурайында түбі бір түркі жұртының білімпаз, дарынды әрі белсенді жастары бас қосып отыр. Іргелі іс-шара аясында жаңа достар тауып, тың идеялар мен жобаларды жүзеге асырасыздар деп сенемін. Өрендеріміздің бірлігі бекем болса, түркі әлемінің тұғыры мығым, болашағы жарқын болары сөзсіз», делінген Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтауында.

Мәртебелі эстафета алғаш рет 2021 жылы Түркияның Стамбул қаласында басталды. Кейіннен Өзбекстанның Бұхара және Самарқанд қалаларында, сондай-ақ Әзербайжанның Ленкорань қаласында жалғасын тапты. Ал 2025 жылдан бастап бұл мәртебе Алматы қаласына беріліп отыр. Бұл шешім Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы мамыр айында Будапеште өткен бейресми саммитінде жарияланып, бауырлас елдердің бірауыздан қолдауына ие болды.

Алматы – мәдениет пен ғылымның, білім мен инновацияның тоғысқан ордасы. Бүгінде бұл қала түркі әлемінің жас буыны мен шығармашылық өкілдерінің жаңа идеяларымен серіктестік орталығына айналып келеді. Алдағы жылы Алматыда он мыңнан астам қатысушыны қамтитын халықаралық жастар, жас көшбасшылар мен кәсіпкерлер форумы, жастардың көпжақты тәжірибе алмасу бағдарламалары, Жастар платформасының Бас Ассамблеясы және халықаралық жастар лагері сияқты ауқымды іс-шаралар ұйымдастырылмақ.

ҚҰРМЕТ ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Жастар фестиваліне Түркі мемлекеттері ұйымының Бас хатшысы Кубанычбек Омуралиев, Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды қатысып, түркі жастарының бірлігін нығайту, олардың жаңа бастамаларын қолдау және ортақ болашақ құрудағы рөліне ерекше тоқталды.

– Бүгін біз Алматының тарихындағы ерекше сәттің куәсі болып отырмыз. Бұл күн күллі түркі дүниесінің жүректері бір ырғақта соғатын күн болып тұр. Мемлекет басшысының ұсынысына сәйкес, Түркі мемлекеттері ұйымының шешімімен Алматыға 2025 жылы Түркі әлемінің жастар астанасы атағы берілді. Яғни біздің қаламыздың халықаралық аренадағы беделін танытатын үлкен құрмет және ортақ жауапкершілік болып отыр. Алматы жа-

сампаз идеялардың, мәдени әртүрліліктің және батыл бастамалардың ордасы. Бүгінде қаламызда 700 мыңнан астам жас тұрады. Бұл – Қазақстандағы жастардың үштен бірі. Бүгінгі мәртебе – тек атақ емес, болашаққа деген уәде. Түркі жастарының даусы осы Алматыдан естіліп, идеялары бастау алып, достығы осы шаһарда бекісін! Алматы – біздің ортақ үйіміз, түркі жастарының шамшырағы», – деді Дархан Сатыбалды.

Салтанатты іс-шара аясында бауырластықтың, сенім мен жаңа мүмкіндіктердің нышанына айналған жастар астанасы кілтін 2024 жылғы жастар астанасы – Ленкорань қаласы, Әзербайжан елінің өкілдері Алматы жастарына табыстап, бауырластық эстафетасын жалғады.

✓ МЕЙМАН ЛЕБІЗІ

Мехмет-әли КЕСКИН:

БІЗДІ ОРТАҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР БАЙЛАНЫСТЫРАДЫ

Түркиядан келіп, түркі жастары үшін өте маңызды фестивальге қатысқанымна қуаныштымын. Алматы – біз үшін жәй ғана қала емес, ол рухани дүниемізде де, жүрегімізде де ерекше орын алатын мәдени орталық. Шын мәнінде, Алматы біздің жүрегімізде ерекше орын алады. Бұл шаһар өз құндылықтарымен әлемдегі мәдениет астаналарының біріне айналған қала іспетті. Дәл осы қалада түркі жастарымен бас қосқан сәт ерекше шабыт сыйлады. Осындай мүмкіндікті берген Түркі мемлекеттері ұйымына, сондай-ақ Түркиядағы Жастар және спорт министрлігіне, Жастар істері жөніндегі басқармаға шексіз алғыс айтамын.

Алматыға алғаш келуім. Келген сәттен бәрі көңілімізден шықты. Әсіресе, Алматының бай тарихи мұрасы мен табиғаты бізді тәнті етті. Бұл қала шынымен де түркі тарихының алтын қазынасын сақтап тұрған орда екен. Бірақ біз үшін ең қымбат нәрсе – тарихымыз бен тамырымызды бөлісетін бауырларымызбен жүздесу болды. Біз – түркілер, көп мемлекетке бөлінсек те, біртұтас ұлтпыз. Сондықтан мен бүгін Түркияның батысынан шығып, Азияның шығысына барсам да, бауырларыммен тіл табысып, түсінісе аламын. Өйткені, бізді ортақ тарих, ортақ тіл, ортақ көзқарас пен мәдениет біріктіреді.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.



✓ ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Аида БАЛАЕВА,
Мәдениет және ақпарат министрі:

МАҚСАТ-МҰРАТТАРЫМЫЗДЫҢ АЙҚЫН КӨРІНІСІ

Жастар – біздің елдерімізді жақындастыратын, жаңа жобаларға серпін беретін, болашақтың келбетін айқындайтын негізгі қолдаушы күш. Осы мақсатта Түркі мемлекеттері ұйымы кеңесінің шешімімен жүзеге асып келе жатқан Түркі әлемінің жастар астанасы халықаралық бастамасы – біздің ортақ мақсат-мұраттарымыздың айқын көрінісі. Жоба жастар кәсіпкерлігін дамытуға, көшбасшылық қасиеттерін шыңдауға, мәдени байланыстарды нығайтуға және түркі халықтарының ортақ мұрасын дәріптеуге бағытталған.

Кубанычбек ОМУРАЛИЕВ,
Түркі мемлекеттері ұйымының Бас хатшысы:

ТҮРКІ БІРЛІГІНІҢ ТІРЕГІ – ЖАСТАР

Құрметті атақ – Түркі әлемінің жастар астанасы мәртебесі Ленкораньнан Қазақстанның мәдениеті бай әрі қарқынды дамып келе жатқан Алматы қаласына берілді. Бұл символикалық ауысу – ортақ құндылықтарымыздың сабақтастығын ғана емес, түркі әлемінің болашағын қалыптастырудағы жастардың рөлінің артып келе жатқанын да айқын көрсетеді. Мәртебе Алматыға Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдердің жастар және спорт министрлерінің VIII кеңесінің шешімімен берілген. Қаланың заманауи мәдени өмірі, оқу орындары және белсенді жастары – түркі әлемінің келешек ұрпағының рухы мен үмітін айқын бейнелейді. Осы орайда, III көпжақты жастар алмасу бағдарламасы ортақ тарихымызды, мәдениетімізді, тіліміз бен дәстүрлерімізді тереңірек түсінуге ықпал етіп, елдеріміз арасындағы достық пен ынтымақтастық байланыстарын нығайта түсетіні сөзсіз.

Айта кету керек, Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдер халқының шамамен, 40%-ын жастар құрайды. Олардың білімге, шығармашылыққа және жаңа бастамаларға деген әлеуетіне инвестиция салу – ұйымның негізгі басымдықтарының бірі болып қала береді. Бұл қадам – біздің қоғамдастықтың ұзақ мерзімді әл-ауқатын қамтамасыз етудің басты алғышарты. Сондықтан «Түркі әлемінің жастар астанасы» бастамасы – жастардың мүмкіндіктерін кеңейтуге, қалаларымыздың белсенді қатысуымен мәдениетаралық диалогты ілгерілетуге және бірлігімізді нығайтуға бағытталған аса маңызды жоба.



ТАМЫЗ КЕҢЕСІ

Білім келешегі:

АДАЛ АЗАМАТ, КӘСІБИ МАМАН

Республика Сарайында өткен дәстүрлі Тамыз басқосуына Сингапур, АҚШ және өзге де мемлекеттерден келген халықаралық сарапшылар қатысты. Алқалы жиынға Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев, Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, «Қазақстанның тұңғыш Еңбек Ері», «Отан» орденінің иегері, белгілі ұстаз, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Аягүл Миразова арнайы қатысты.

Ұстаздарға қолдау мен сенім

Тамыз конференциясында Мемлекет басшысының қатысуымен өткен Астанадағы республика педагогтарының алқалы жиынын үлкен экран арқылы тамашалап, білім кеңістігіндегі жаңашылдықтармен танысты. Ел Президентінің ұлт ұстаздарына деген қолдауы мен үлкен сенімі рух берген педагогтар қауымы ұзақ уақыт қол соғып, қошемет білдірді.

Алғашқы сөз кезегін Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев алып, биылғы Тамыз конференциясында білім беру жүйесінің стратегиялық даму бағыттары айқындалып, Мемлекет басшысының нақты тапсырмаларына тоқталды. Ел Президенті ең алдымен оқу процесіне цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектіні жедел енгізуді, әрбір мектепте балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, буллинг пен зорлық-зомбылықтың кез келген түріне жол бермеуді тапсырғаны белгілі. Осынау өзекті мәселелерді тілге тиек еткен Оқу-ағарту министрі ұстаздардың мәртебесін арттыру, кәсіби біліктілігін үздіксіз жетілдіру және педагогтарға жан-жақты қолдау көрсету – негізгі басымдықтар ретінде қала беретінін айтып, бұл тапсырмалар болашақтағы жүйелі жұмыстардың берік бағдары болатынын жеткізді. «Қасым-Жомарт Тоқаев тұжырымдағандай, білім мен ғылым Қазақстан дамуының қозғаушы күші болуға тиіс. Бұл – баршамыз үшін бағдаршам болуға тиіс» деп үлкен сенім жүктеді Ғани Бейсембаев. Сонымен қатар, спикер еліміздегі білім жүйесінің өркендеп келе жатқанын, әлі де осы мақсатта жүйелі жұмыстың жүргізіле беретінін айтты.

• **Министр балаларға қолайлы, қауіпсіз және қолдаушы орта қалыптастыру – олардың білім мен ғылымдағы биік жетістіктеріне берік негіз қалайтынына тоқталып, 2025 жыл барысында Оқу-ағарту министрлігінің рейтингі бойынша Алматы қаласы Бас жүлдені иеленіп, 23 жыл қатарынан Республикалық пәндік олимпиадада бірінші орынды сақтап келе жатқанын зор мақтанышпен атап өтті.**

Бұл жетістіктер – ұстаздардың тынымсыз еңбегінің жемісі екенін баяндап, осынау жылдарда жас ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім берген қаламыздың бірқатар ұстазына «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгілері мен министрліктің «Алғыс хаттарын» табыс етті.

Ауқымды жобалар, жүйелі жұмыстар

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды конференцияға қатысушылар мен педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтап, шаһар көлемінде атқарылып жатқан іс-шараларға тоқталды.

– Мемлекет басшысының бастамасымен 2025 жыл Жұмысшы мамандықтар жылы болып жарияланды. Қала

Алматыда педагогтардың қалалық саммиті өтті



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

көлемінде осы бағытта ауқымды жобалар қолға алынып, жүйелі жұмыстар жасалып жатыр.

• **Алматыда колледждердің материалдық-техникалық базасы 2,6 млрд. теңгеге жаңартылып, WorldSkills стандарты бойынша 14 құзырет орталығы ашылды. Сәтін салса, жыл соңына дейін тағы 4 орталық іске қосылмақшы. Жыл соңына дейін тағы 4 орталық ашылып, 100 орынды жатақхана құрылысы басталады. Дуалды оқыту жүйесінде 17 550 студент (мемлекеттік тапсырыс бойынша 40%) білім алууда.**

Жақында Алматы телекоммуникация және машина жасау колледжі іске қосылып, заманауи оқу жағдайы қамтамасыз етіледі. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің дамуымен қатар, жалпы орта білім беру инфрақұрылымын жаңғырту да басым бағыттардың бірі болып қала береді. 350 мыңнан астам баланы қамтитын қалалық білім беру жүйесі жыл сайынғы 12–14 мың оқушыға өсу қарқынына

• **Биыл 14 670 орынды 20 нысан (7 мемлекеттік, 10 жекеменшік мектеп, 3 қосымша құрылыс) пайдалануға беріліп, 6 мектепте сейсмикалық нығайту жүргізілді. Жыл соңына дейін «Зерделі» шағынауданында 550 орынды мектеп және 1495 орынды 5 қосымша құрылыс іске қосылады.**

«Келешек мектептері» жобасы аясында 2024 жылы бір жаңа мектеп (№97 мектеп-гимназия) пайдалануға берілді. Сонымен қатар, жалпы сыйымдылығы 34 200

орынды 20 мектептің құрылысы басталса, «1300 мектепті жаңғырту» бағдарламасы аясында қаладағы 15 білім беру ұйымында күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілетін болады. Сонымен қатар, «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 35 мың орынға арналған 21 жаңа мектеп салынып, 15 білім беру мекемесіне күрделі жөндеу жүргізіліп жатыр. Бүгінде қала мектептерінде 350 мыңнан астам оқушы оқиды, олардың саны жыл сайын орта есеппен 12–14 мыңға артып отыр», – деді шаһар басшысы.

Айтулы жиынның салтанатты бөлімінде қала әкімі бір-қатар ұстаздарды Алматы қаласы әкімінің «Алғыс хатымен» марапаттап, «Үздік білім беру ұйымы – 2025» арнайы сыйлығын жеңіп алған №79 гимназия ұжымына 68 000 000 теңгенің сертификатын табыс етті.

Конференция аясында өткен пленарлық отырыста жиынның құрметті қонағы ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек, Кембридж университетінің профессоры және NTU (Сингапур) Саймон Редферн, Wayground Quizizz AI (АҚШ) компаниясының өкілі Хи маншу Ажмера және NTU профессоры Чен Чун-Ан болашақтағы кәсіби білім беру және жаңа экономикаға қажетті маман даярлау, білім беру үдерісіне STEM/STEAM тәсілдерін енгізу, оқушылардың қауіпсіздігі мен психоэмоциялық денсаулығы, инклюзивті білім мен толеранттылықты дамыту мәселелері жөнінде кеңес құрып, жан-жақты пікір алмасты.

Жиын соңы қазақстандық эстрада жұлдыздарының концертіне ұласты.

«Келешек мектептері»:

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАР

талқыланды

Оқу-ағарту министрлігі мен Ыбырай Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ұйымдастыруымен республикалық Тамыз конференциясы аясында «Келешек мектептері: стратегиялық мақсаттар мен нақты нәтижелері» тақырыбында №3 панельдік секция өтті.

Басқосуда «Келешек мектебі» тұжырымдамасын жүзеге асыру аясында үлгілік оқу бағдарламалары тиімділігінің мониторингі (міндеттері, кезеңдері, қатысушылары және олардың қызметтері), Қазақстанда инклюзивті білім берудің негізгі аспектілерін дамыту, сондай-ақ «Матап» бағдарламасы аясындағы кәсіптік бағдар беру жұмысының моделін «Келешек мектептері» базасында апробациялау сияқты стратегиялық маңызы бар мәселелер кеңінен талқыланды. Қатысушылар фасилитациялық сессияларға қатысып, топтық жұмыс форматында технологиялық картамен жұмыс жасады.



«Инклюзивті білім берудің басты мақсаты – әрбір баланың сапалы әрі қолжетімді білім алуына жағдай жасау. Біз ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға қолдау көрсетіп, олардың әлеуетін толық ашуға күш салуымыз керек», – деді Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық орталығының директоры Лаура Бутабаева.

Сондай-ақ, орталық басшысы инклюзивті білім берудің негізгі аспектілері мен инклюзивті мәдениетті қалыптастыру факторларын, саладағы өзекті мәселелер мен тәуекелдерді атап өтіп, оларды шешу жолдарын ұсынды. Бұдан бөлек, Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы зерттеулері негізінде әзірленген Қазақстандағы инклюзивті білім беруді дамыту платформасы туралы айтты. Сонымен қатар, қатысушылар мектептерді дамытуға бағытталған ұсыныстар мен бастамаларды қарастырып, Қазақстанның орта білім беру жүйесін жаңғырту және инклюзивті оқыту тәжірибесін кеңейту бойынша пікір алмасты.

Рая
ЕСКЕНДІР.

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫ ҚАРСАҢЫНДА

МЕКТЕП ФОРМАСЫ – оқушының бет-бейнесі

Мектеп формасын барлық оқушыға барынша қолжетімді ету аса маңызды. Әлеуметтік тұрғыдан әлсіз саналатын кейбір топтағы балаларға оны бюджет есебінен беру қажет деп са-наймын. Мектеп формасына арналған мемлекеттік тапсы-рысты отандық жеңіл өнеркәсіпті дамытуға бейімдеген жөн.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

Енді аз күнде жаңа оқу жылы басталады. Жалпы, Қазақс-танда мектеп формасын кию ере-желері бойынша шешім қабылда-нып, бір жүйеге түскені белгілі. Дегенмен, жақында бір топ ата-ана мектеп формасына қатысты мәселе көтерді.

Олардың айтуынша, мектеп формасының бағасы қолжетімсіз. Бір отбасынан бірнеше оқушы мектепке барса, тіпті қиын екенін алға тартып отыр. Бірақ бұл мәсе-ле де шешімін тапқан сыңайлы еді. Тіпті, кезінде оқушының мектеп формасына қатысты түрлі пікір-лер айтылып, ақыры ұзақ талқы-лаудан соң, нақты бір шешім қа-былданғаны да есте. Негізі, мектеп қабырғасында оқитын оқушы өзінің бет-бейнесін айғақтайтын мектеп формасын кигені дұрыс.

Рая
ЕСКЕНДІР

Мектеп формасы – оқушының басты құжаты. Оқу-ағарту министрлігі оқушы-ның мектеп формасына өзгеріс енгізген еді. Дегенмен, бұл өзгеріс оқушының



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

мектеп формасын еркіндікке жіберу деген сөз емес. Атап айтсақ, қазіргі мек-теп формасы пиджак, жилет, шалбар, белдемше және жейдеден тұрса, ендігі-де оқушылардың пиджак пен жакетті тоқылған күртеше/кардиганға (түйме-лері немесе сыдырмасы бар), күнделікті киетін жейдені поло жейделерге ауыс-тыруына болады. Алайда, киімнің түсі, стилі және басқа да тұстары тым ерек-

шеленіп кетпес үшін мектеп әкімшілігі-мен келісілгені дұрыс.

Жалпы, мектеп формасына қатысты таңдауды ата-аналар көтеріп, бұл мүмкіндіктің балалар үшін ыңғайлы екенін айтып, қайта қарастыруды сұра-ған болатын. Ата-аналардың айтуынша, сабақ кезінде ресми костюм кию бала-лардың барлығына бірдей ыңғайлы емес көрінеді. Сондықтан балаларға

ыңғайлы киім киюге рұқсат сұраған еді. Мәселен, ресми пиджак немесе жакет орнына тоқылған күрте/кардиган және күнделікті жейде орнына поло жейде кию ұсынылды.

Жалпы, нақты шешімді мектеп әкімшілігі, қамқоршылық кеңесі және мектептің өзін-өзі басқару кеңесі қа-былдайды. Оқу ағарту министрлігі бұл толықтыруларды мектептердің шешім қабылдауына жеткілікті уақыт болуы үшін алдын ала бастағанын айтқан еді. Бірақ бұл қадам мектептер бекітілген талаптарды міндетті түрде қайта қарау дегенді білдірмейді. Бұл қажет болған жағдайда пайдалануға болатын қосым-ша мүмкіндік пен нұсқа ғана.

Ең бастысы, мектеп формасының түсі қара көк болу керек. Сондай ақ, ата-аналар мектеп формасын өздері қала-ған өндірушіден сатып алуға ерікті.

Сонымен, қазіргі мектеп формасы пиджак, жилет, шалбар, белдемше және жейдеден тұрады. Оқушыларға пиджак пен жакетті тоқылған күртеше/кардиганға (түймелері немесе сыдыр-масы бар), күнделікті киетін жейдені поло жейделерге ауыстыруға болады. Алайда, киімнің түсі, стилі және басқа да тұстары мектеп әкімшілігімен келісі-луі керек.

НЕ БАЙҚАДЫҢИЗ?

ҚЫРКҮЙЕК АЛДЫНДАҒЫ ҚАРБАЛАС



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Жаңа оқу жылы таяған сайын Алматы мен оның маңайындағы базарлардағы сауда бұрын-ғыдан да қыза түсті. Сенбі күні оқушылардың мектеп формалары мен құрал-жабдықта-рының бағасын білу үшін біз арнайы Талғар қаласындағы «Glassman» дүкені мен базарларын, «Алтын Орда», Құлжа тас жолы бойындағы «Aport moll» сауда орталығын араладық. Барахолка-ға да бардық. Байқағанымыз, барлық жерде қазір бір мақсатқа ғана – мектепке дайындық үшін жұмыс істеп жатқандай...

Кұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Сауда қыз-қыз қайнап тұр...

Талғардағы әкімшілік ғимаратының қарсысындағы екі қабатты ғимараттың жоғары этажында «Glassman» дүкені орналасқан. Алақандай ғана сауда орнының іші біз барғанда адамға лық толы екен. Бағалары қалта көтереді, бірақ бірден сауда жасап қайта салуды қала-мадық. Басқа жақтардағы бағаларды салыстыру үшін жылдам шығып кеттік те, жолай Апортқа, содан кейін барахолкаға тарттық.

Розыбакиев пен Рысқұлов көшесінің қиылысына жете бергеннен-ақ кептеліс басталады. Көлік көп, адам одан да көп. Ал базар іші ығы-жығы... Әр сөрелің алдында ұзын-сонар кезек, сатушының «алып кет, соңғысы» деген дауысы, ата-ананың саудаласқаны,

баланың қиқуы – бәрі араласып жатыр. Сауда қыз-қыз қайнап тұр. Баға да тұрақсыз. Мәселен, «Aport»-тағы 4-сыныпқа арналған ұл баланың костюм-шалбары 23 мың теңге болса, дәл қасында 20 мыңдық үлгі тұр. Кәсіп дүкендерінде де түрлі нұсқалар самсап тұр. Бірақ бір нәрсе айқын – отандық өнім жоқтың қасы. Киім де, сөмке де, кеңсе тауарлары да шетелден келеді. Қала базарларын Қытай, Қырғызстан, Түркия өнімдері жау-лап алған.

Әлеуметтік желіде соңғы күндері жапонның мектеп сөмкесі әңгіме болып жүр. Бір танымал блогер сол сөмкені 35 мың теңгеге бағалап, тапсырысқа тізім жи-нап жатқанын көзім шалып қалғаны бар. Түсінгеніміз, сапасы мықты, арқасына ыңғайлы, салмағы жеңіл. Әрине, табысы жақсы отбасылар үшін мұндай шығын аса ауыр емес. Ал көпшілік үшін сөмкенің бағасы 10–15 мыңнан аспаса жеткілікті, кейбірі былтырғысын ұстата береді.

Ата-аналар не дейді?

Бұл ретте ата-аналардың да пікірі әрқилы. «Бала-лар жазда тез өсіп кетеді, былтырғылары қысқарып қалыпты. Ұлымның шалбары мен жейдесін, қызыма костюм мен белдемшесін алып бердік. Сөмкелерін жаңартпадық, екеуіне шамамен 70–80 мыңдай кетті» дейді Айгүл есімді ана.

«Біздің тұңғышымыз мектепке барады. Барлығын түгел алдық, шығынымыз 100 мыңнан асты» дейді 6 жасар Батыр есімді баласын жетектеген жас әке. Ал тағы бір тұрғын «Екі қызымды дайындауға тура келді. Қажетті заттарына 40 мың, киімдеріне 60 мың шықты. Қымбатшылық қысып тұр...» деп шағымданды.

Иә, кейде ата-аналардың қамқорлығы жүректі елжіретеді. Сауда орталығынан 3-сыныпқа баратын ұлын ерткен жалғызбасты әкені кездестірдік. Қолында бір бума дәптері мен арзандау шалбар ғана бар. «Қал-ғанын айлық алған соң аламыз. Баламды қалай да қатарынан қалдырмаймын» дейді ол. Ал баласы әкесінің қолын қатты қысып, қуанып тұр. Мұндай сәт-терде мектепке дайындықтың ақшаға ғана емес, жү-ректегі махаббат пен жауапкершілікке байланысты екенін түсінесің.

Әлеуметтік теңсіздік артық әңгімеге себеп болмауы керек

Ал мына бір оқиға да көңілге қона кетті. 4-сынып-қа баратын оқушы қыз шешесінен жаңа сөмке алып беруді сұрап тұр. Анасы ұзақ ойланып: «Қызым, биыл дәптер-қаламдарыңа ғана жетті. Биыл бастауыш сы-ныпты бітіресің. Келесі жылы жоғары сынып оқушысы атанасың. Сол кезде күштісін аламыз» дегенде қызы-ның: «Иә, анашым, уайымдамаңыз. Мен үшін басты-сы – мектепке бару ғой» деді. Қаршадай ғана қара қыздың осы бір қарапайым сөзінің өзі ата-ананың мойнындағы ауыртпалықты жеңілдеткендей әсер қал-дырды.

Қысқасы, әр отбасы қалтасына қарай қамдануда. Бірі баласын сәнді киіндіруге тырысса, бірі ең қа-жеттісін ғана алып жатыр. Бірақ бәрінің жүзінде «Ба-лам жаңа оқу жылын қуанышпен, толық дайындықпен бастаса екен» деген ортақ тілек тұр.

Осы орайда, біздің де айтар ұсынысымыз бар. Әлеуметтік теңсіздіктің балалар арасында артық әңгі-меге себеп болмауы маңызды. «Анау баланың киімі қымбат, менікі нашар» деген түсінік оқушының психо-логиясына әсер етпеуі үшін ата-аналардың балалары-на түсіндіру жұмысы қажет. Өйткені, мектептің басты құндылығы – сән куу емес, білім!

Ендеше, үміт пен арманға толы жаңа оқу жылы әрбір шәкірттің жүрегіне білімге құштарлық дарытып, мектепке деген сүйіспеншілігін арттыра берсін. Барлық оқушыларға сәттілік тілейміз!



ДАҒДАРЫС ОРТАЛЫҒЫ

Алматыда студенттер үшін ерекше маңызды әлеуметтік жоба іске қосылды

Еліміздің түкпір-түкпірінен арман құып мегаполиске келген жас талапкерлер үшін ең өзекті мәселенің бірі – баспана. Осы орайда, М.Тынышбаев атындағы АЛТ университетінің №4 студенттер үйінде жаңа Дағдарыс орталығының ресми ашылуы өтті.



Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

ЖАСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУІНЕ АРНАЛҒАН ҚОЛДАУ АЛАҢЫ

Бұл бастама Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің және Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен жүзеге асырылып отыр. Жаңа орталықтың басты мақсаты – қиын жағдайға тап болған студенттерге уақытша баспана беру, әлеуметтік қолдау көрсету және олардың қауіпсіз ортада білімін жалғастыруына жағдай жасау. Бес қабатты ғимаратта орналасқан орталықта студенттердің тұрмыс-тіршілігіне қажетті барлық жағдай қарастырылған. Әр бөлмеде жеке санитарлық бөлме мен ыңғайлы төсек-орын бар. Сонымен қатар, медициналық көмек көрсететін пункт, ас әзірлеуге арналған арнайы бөлме және демалыс аймақтары жабдықталған. Мұнда 50 орын дайындалған. Жобаның ерекшелігі – орталық тек уақытша баспана ғана емес, студенттердің әлеуметтік бейімделуіне арналған қолдау алаңы болмақ. Мегаполиске жаңадан келген жастар тұрақты жатақхана немесе пәтер тапқанша осы жерде тұра алады. АЛТ университетінің базасында мұндай бастама бұған дейін де жүзеге асқан болатын. Соңғы үш жылда ондаған студент осындай орталық арқылы баспанамен қамтылып, алғашқы күндеріндегі қиындықты еңсерген. Жаңа нысанның ашылуы оның мүмкіндігін кеңейтіп, әлдеқайда көбірек студентке қолдау көрсетуге жол ашады. Дағдарыс орталығының ашылуы – жастарға жасалған нақты қамқорлықтың айқын көрінісі. Бұл бастама олардың үлкен қалаға бейімделуін жеңілдетіп қана қоймай, білімін үзбей жалғастыруына мүмкіндік береді.

- Алматыда студенттерге арналған жаңа Дағдарыс орталығының ашылуы – жастарға деген мемлекеттік қолдаудың тағы бір жарқын қадамы болып отыр.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Ақерке АБЫЛАЙХАН,
ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі
комитет төрағасының орынбасары:

НАҚТЫ КӨМЕК ҮЛГІСІ

Бүгін ашылып жатқан дағдарыс орталығы – жастарға нақты көмек көрсетудің үлгісі. Сонымен қатар, Алматы қаласында студенттерге орын тапшылығы мәселесі бар екенін де жасырмаймыз. Жалпы Қазақстан бойынша жатақханаға деген сұраныс шешілгенімен, Алматыда тапшылық сақталады деп болжап отырмыз. Мысалы, өткен жылмен салыстырғанда Алматыдағы ЖОО-ларды таңдаған түлектердің саны 1600-ге артқан. Былтыр 44 мың түлек бітірсе, биыл 55 мың түлек тәмамдады. Бұл – студенттер саны жылдан-жылға өсіп келе жатқанын көрсетеді. Сараптамаға сәйкес, Алматыда шамамен 8 мың орын жетіспеуі мүмкін. Бұл дегеніміз, студенттер далада қалады деген сөз емес. Жоғары оқу орындары жекеменшік қонақүйлер мен хостелдармен келісім-шарт жасасып, студенттерді сол жерге орналастырады. Сонымен қатар, жатақханаға бірінші кезекте әлеуметтік осал топтарға жататын жастар (жетім балалар, көпбалалы отбасынан шыққандар, қандастар) және бірінші курс студенттері орналастырылады. Себебі, үлкен қалаға ауылдан келген жастарға ең әуелі қолдау қажет.

Меруерт ЖАРМАҒАНБЕТОВА,
Мұхамеджан Тынышбаев
атындағы АЛТ университетінің
президент-ректоры:

ТАПТЫРМАС МҮМКІНДІК

Біз үшін студенттердің қауіпсіздігі мен жағдайы – басты назарда. Бұл орталықты үшінші жыл қатарынан ұйымдастырып келеміз. Жаңа оқу жылы қарсаңында еліміздің түкпір-түкпірінен жастар Алматыға келеді. Әсіресе, алғашқы күндері олардың қайда тұратыны ата-аналар үшін де, өздері үшін де үлкен уайым. Орталықтың негізгі міндеті – студенттерді уақытша тегін орналастыру. Олар тәуліктің кез келген уақытында – түнде, таңертең немесе кешкісін келе алады. Бастысы, қиналған сәтте олар жалғыз қалмайды. Бізде шамамен 55 орын қарастырылған. Мұнда Алматыдағы кез келген студент орналаса алады, қай университеттің студенті екені маңызды емес. Студенттер бұл жерде тұрақты пәтер тапқанша немесе жатақханаға орналасқанша уақытша тұрады.

Әзиз ҚАЖДЕНБЕК,
Алматы қаласы
Жастар саясаты
басқармасының басшысы:

СТУДЕНТТЕРДІ БАСПАНАМЕН ҚАМТУ – ЕРЕКШЕ БАҚЫЛАУДА

Қала әкімі Дархан Амангелдіұлы студенттерді жатақханамен қамту мәселесін ерекше бақылауда ұстап отыр. Жақында министрмен бірге Жол картасына қол қойылды. Ол құжатта Алматыдағы студенттер мәселесін шешуге арналған нақты қадамдар көрсетілген. Біз жыл сайын мониторинг жүргіземіз. 27 маусым күні алғашқы кешенді тексеру өткіздік. Енді жаңа оқу жылы қарсаңында тағы да тексерулер жүргізіледі. Қоғам белсенділері, депутаттар, БАҚ өкілдерімен бірге жатақханалардың жағдайын қарап, студенттерге қаншалықты жағдай жасалғанын бағалаймыз.

СТУДЕНТТЕР ҮЙІ

ЖАТАҚХАНАЛАРҒА МОНИТОРИНГ –

білім алушылардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған қадам

Алматыда студенттердің жатақханадағы тұрмыс жағдайына байланысты мониторинг жүргізілді. Іс-шара «Аманат» партиясы сайлауалды бағдарламасының жол картасы аясында ұйымдастырылып, оған Алматы қаласы мәслихатының депутаттары, Қоғамдық кеңес мүшелері, қоғам белсенділері мен БАҚ өкілдері қатысты.



Ернұр
РЫСБАЙ

Мониторинг барысында студенттер жатақханаларындағы инфрақұрылым, бөлмелердің санитарлық жағдайы, орын тапшылығы және оқу жылы басталар алдындағы дайындық жұмыстары тексерілді. Қатысушылардың айтуынша, бұл

бастама – жоғары оқу орындарына сын айту емес, қайта ұсыныстар әзірлеп, білім алушылардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған қадам.

Алматы қаласы мәслихатының депутаты, «Аманат» фракциясының мүшесі Ералы Сауранбаев та бүгінгі іс-шараның нәтижесін оң бағалады:

– Біз университеттердің жатақханаларын аралап, қабылдау науқанына дайындығын көрдік. Қазірдің өзінде студенттердің 80 пайызы электронды жүйе арқылы тіркелген. Абай атындағы университетте төрт мыңнан астам орын дайындалып отыр. Оған қоса, жекеменшік жатақханалармен келісім жасалған. Бұл студенттерді жатақханамен қамтуда үлкен мүмкіндік береді. Қазақ ұлттық аграрлық университетінде де жағдай жаман емес. Тіпті, Алматы бойынша ең төменгі баға осы оқу орнының жатақханаларында екен. Бұл студенттерге тиімді. Әрине, әлі

де спорттық инфрақұрылымды дамытуға қатысты өтініштер бар. Бірақ жалпы алғанда соңғы жылдары студенттерді жатақханамен қамту ісінде үлкен прогресс барын айтуға болады, – деді депутат.

Мониторинг Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті мен Қазақ ұлттық аграрлық университетінің жатақханаларында да өтті. Қаламыздағы ірі оқу орындары саналатын бұл университеттердің жатақханаларына қатысты бұған дейін түрлі сын-пікірлер айтылып келген. Дегенмен, соңғы жылдары бірқатар мәселелер шешімін тапқан. Әсіресе, студенттерге бөлінген орын көлемі нормативке сай екендігі, алты шаршы метр аумақтан аспай отырғаны атап өтілді.

– Біздің алдымыздағы басты міндет – студенттер үшін қолайлы орта қалыптастыру. ЖОО-лардың жатақханаға қатысты нормативтерді қаншалықты орындап жатқанын қарау, сондай-ақ жаңа оқу жы-

лына дайындық барысын бақылау. Студенттер келген сәтте жатақхана толық дайын болмай қалатын жағдайлар кездеседі. Сондықтан біз ұсынып отырған ең басты талап – дайындық жұмыстарын уақытылы аяқтау. Сондай-ақ, бөлмелердегі тазалық пен қажетті құралдардың жеткілікті болуы мәселесіне ерекше көңіл бөлуіміз керек, – деді Алматы қаласы жастар қанатының төрағасы Ділдібек Дидарбек.

Мониторинг қорытындысында арнайы ұсыныстар әзірленіп, тиісті органдарға жолданатын болды. Бұл ұсыныстар студенттердің тұрмыс жағдайын жақсартуға, жаңа оқу жылын қолайлы ортада бастауына ықпал етпек.

- Алматыда өткен бұл жұмыс жастардың әлеуметтік жағдайына, білім алу сапасына және олардың тұрмыстық мәселелерін шешуге серпін беретін игі бастамаға айналды.

Қытай көліктері:

КЕПІЛДІК БАР, КӨМЕК ЖОҚ

Бұл – тұтынушы құқығының өрескел бұзылуы

Қазақстандағы автонарық соңғы жылдары түбегейлі өзгерді. Бұған дейін еуропалық және жапондық маркалар көш бастап келсе, қазір қытайлық брендтердің саны күрт артты. Әсіресе, қолжетімді баға мен банктердің түрлі жеңілдіктері арқасында Қытайдан әкелінген көліктерге сұраныс жоғары болды. Бірақ соңғы айларда әлеуметтік желілерде қазақстандық жүргізушілердің наразылығы жиі көрініп, ел ішінде үлкен дау туғызуда.

Маркетинг пен шындықтың алшақтығы

Жаңа көлікті несиеге алып, қуанышпен мініп жүрген азаматтар көп ұзамай ақауларға тап болып жатқанын айтуда. Jetour, Chery, Changan секілді маркаларды сатып алған қазақстандықтар көліктің алғашқы айда жақсы болғанымен, араға көп уақыт салмай түрлі кемшіліктер шыға бастайтынын алға тартуда. Бұл – тек бір-екі адамның емес, жүздеген, бәлкім мыңдаған сатып алушының ортақ мәселесіне айналып отыр. Қытай көліктері Қазақстан нарығына агрессивті жарнама арқылы енді. Әлеуметтік желілерде, теледидарда, банктердің ұсыныстарында бұл көліктер «заманауи», «барлық жағдайы жасалған», «сенімді» деп көрсетілді. Көпшілік осыған сеніп, қолындағы бар қаражатын жинап, кейде тіпті бірнеше жылдық несие рәсімдеп, жаңа көлік мінуге бел буды. Бірақ қуаныш ұзаққа бармады: көлік алғанына бірнеше ай өтпей-ақ ақаулар шығып жатыр. Әдетте, көлікті жаңа сатып алған тұтынушы ең алдымен кепілдікке сүйенеді. Бірақ қазақстандық тәжірибеде кепілдік сөз жүзінде ғана болып шықты. Көлік салондарына барған жүргізушілер қажетті қосалқы бөлшектердің жоқтығына тап болып, жөндеу мерзімі ұзаққа созылып кеткен. Кейбір жағдайда қосалқы бөлшекті айлап күтуге тура келеді. Ал бұл уақыт ішінде азаматтар көліксіз қалады, бірақ



банктегі несиеcін төлеуді тоқтатпайды.

• **Мәселенің түйіні мынада: бөлшек жоқ, көлік жөнделмейді, банк төлемді кешірмейді, ал компаниялар мен ресми өкілдіктер жауапкершіліктен қашады. Бұл – тұтынушы құқығының өрескел бұзылуы.**

Қытай көліктеріне қатысты дау тек қаржылық қиындық емес, жол қауіпсіздігіне де тікелей әсер етуде. Жолда келе жатып көліктің істен шығуы жиілеп барады. Бұл жүргізушілердің ғана емес, олардың жанында отырған отбасының, әсіресе балалардың өміріне қауіп төндіреді. Қала ішінде де, тас жолда да кенеттен тоқтап қалған көліктің салдары өте ауыр болуы мүмкін.

• **Бұл жағдайдың ушығуына жауапты органдардың әрекетсіздігі де себеп болып отыр. Тұтынушылар құқығын қорғау комитеті нақты**

шара қолданбайды, ал көлікті сатқан компаниялар өз міндетін орындауға асықпайды. Мұндай бейқамдық халықтың ашуын туғызып қана қоймай, мемлекетке деген сенімге сызат түсіріп отыр. Егер кепілдік жүйесі жұмыс істемесе, тұтынушы кімге сенуі керек?

Мәселені шешу үшін бірнеше нақты қадам қажет. Біріншіден – кепілдік міндеттемелерін бақылау: көлік сатушы компаниялар тұтынушы алдындағы жауапкершілігін орындауы үшін қатаң заңдық талап болуы тиіс. Екіншіден – қосалқы бөлшектерді жеткізу жүйесін жолға қою: көлікпен бірге қосалқы бөлшектердің де қоры жасақталуы қажет. Үшіншіден – мұндай жағдай бола қалса, несие төлемдерін уақытша тоқтату: егер көлік жөндеуде тұрса, ол ұзақ мерзім уақытын алса сол мерзімде несие төлемін тоқтату немесе кейінге

шегеру жүйесі енгізілуі керек. Төртіншіден – мемлекеттік бақылауды күшейту: тұтынушы құқығын қорғау органдарының беделін арттыру арқылы ғана бұл дауды шешуге болады.

Қытай көліктеріне қатысты дау – тек автосалон мен клиент арасындағы қарапайым дауға жатпайды. Бұл – тұтас қоғамның, мыңдаған адамның мәселесі. Қазіргі жағдайда «жаңа көлік» қуанышы – ауыр қаржылық қақпан мен моральдық күйзеліске айналып отыр. Егер уақытылы шешім қабылданбаса, бұл проблема елдің экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына қауіп төндіруі мүмкін.



Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Нүркен МАРАТ,
Chery көлігін алған жүргізуші:**

Жарнамаларда айтылған уәделерге сендік

Chery көлігін алғандағы қуанышымызды сөзбен айтып жеткізе алмаймын. Жарнамаларда айтылған уәделерге сендік: «заманауи, сапалы, сенімді» деп сипатталды. Үй-ішімізбен қуанып, жаңа көлікке отырып, бақытты күндерді бастаймыз деп ойлағанбыз. Бастапқыда барлығы керемет болды, бірақ үш ай өтпей жатып, үлкен сынаққа тап болдық. Бір сапарымызда көліктен ақау шығып, трассаның дәл ортасында көлігіміз тоқтап қалды. Қасымда жұбайым мен кішкентай балаларым бар еді. Көліктер зулап өтіп жатыр, біз қозғалыссыз тұрмыз. Сол сәтте қатты қорықтық. Балаларымның қауіпсіздігіне алаңдап, өзімнің де, отбасымның да өміріне қауіп төнгендей сезіндім. Жаңа көлік сатып ала отырып, өмірімізге қауіп төндіреміз деп ойлаған емеспіз. Мұндай жағдай әр отбасы үшін үлкен соққы. Салонға барғанымызда да көңіліміз орнына түспеді. «Кепілдік бар, бірақ бөлшек жоқ, күтуге тура келеді» деген қысқа ғана жауап алдық. Күту уақыты созылып кетті. Сол кезеңде көліксіз жүрген күндеріміз азапқа айналды.

Қазір байқасақ, біз ғана емес, елдің көбі осындай жағдайға тап болып отыр. Әлеуметтік желілерде талай адамның шағымын көріп жүрміз. Демек, бұл – жеке бастың мәселесі емес, бүкіл халықтың

проблемасы болып тұр. Егер кепілдік берілсе, ол толық орындалуы тиіс. Біз тек өзіміз үшін емес, барлық жүргізушілер үшін осы даудың шешілуін қалаймыз.

**Дидар ОРАЛБЕК,
«Қазақ авто» автосалонының директоры:**

Дилерлік бәсекелестік: әдейі теріс пікір таратуы мүмкін

Біз Қытай автокөліктерін сатумен айналысамыз. Қазіргі уақытта бізде Jetour, Chery, Changan секілді маркалар бар. Осы уақытқа дейін бұл көліктерге қатысты ешқандай шағым түскен жоқ. Керісінше, олардың сатылымы күннен-күнге артып келеді. Біз клиенттеріміз үшін арнайы сервис базасын ашып қойдық. Сол жерде барлық көліктерге кепілдік беріледі. Кепілдік мерзімі – 3 жыл немесе 150 мың шақырым. Әрбір көлікті сатқанда, біз клиентке кепілдік шарттарын, көлікті қайда және қалай жөндеуге болатынын толық түсіндіреміз. Қазір бізде өзіміздің сервис бар. Ол жерде Қытай көліктерін жөндейді, ал клиенттер кез келген шағымын немесе сұрағын тікелей сол жерде айта алады. Осы уақытқа дейін бізге ешқандай ресми шағым түскен жоқ. Өзім бұл іспен 5-6 жылдан бері айналысып келемін. Ал әлеуметтік желілерде тарап жатқан бейнежазбаларға келсек, ол көбіне дилерлік бәсекелестікпен байланысты деп ойлаймын. Өйткені, қазір түрлі Қытай маркалары шығып жатыр, соған байланысты бәсеке де күшейді. Кейде әлеуметтік желіде әдейі теріс

пікір таратып, насихат жүргізуі мүмкін. Мұндай видеоларды өзім де көріп қаламын, бірақ дәл біздің салонда ондай проблема болған жоқ.

**Сәния МЫРЗАБЕКҚЫЗЫ,
заңгер:**

Азаматтардың заңдық құқығы бар

Соңғы уақытта Қытай автокөліктері бойынша сапаға, сервиске, кепілдікке байланысты шағымдар көбейіп жатыр. Бұл жағдайда азаматтардың заңдық құқығы қандай?

Біріншіден, «Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы» Заңға сәйкес, егер көлік кепілдік мерзімінде өндіруші ақауына байланысты бұзылса, тұтынушы жөндеуді, айырбастауды немесе ақшаны қайтаруды талап етуге құқылы. Жөндеуді 20 күн ішінде жасап бермесе – сатып алушы келісімді бұзуға (ақшаны қайтаруға) құқылы. Екіншіден, дилер мен өндіруші жауапты: сіз көлікті кімнен сатып алдыңыз – сол компания жауап береді (дилер). Ал дилер өз кезегінде өндірушіге талап қоя алады, бірақ тұтынушы тікелей өз құқығын дилерден сұрауға міндетті. Үшіншіден, заңдық көмек жолдары: алдымен жазбаша талап қою керек (претензия); жауап болмаса тұтынушылар құқығын қорғау комитетіне, кейін сотқа шағым берсе болады. Сонымен қатар, автокөлік сараптамасын тапсырып, нақты ақауды растау сотта жеңілдік береді.



ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН
ҚОРҒАУ – БАСЫМ БАҒЫТТАРДЫҢ БІРІ

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментіне уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі ретінде мемлекеттік қызмет туралы заңнама мен қызметтік әдеп нормаларын мемлекеттік қызметшілердің сақтауын бақылау функциялары жүктелген.

Департаментке Алматы қаласы бойынша қызметтің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұсынысы келіп түсті. Онда Алматы қаласының аумақтық органдарының бірінің басшылығы тарапынан 2024-2025 жылдары қызметтік өкілеттіктерін асыра пайдалану фактілері бойынша жауапкершілігін қарау сұралған. Атап айтқанда, қызметкерлердің лауазымдық міндеттеріне кірмейтін тапсырмаларды беру фактілері орын алған.

Осыған байланысты аталған мемлекеттік орган қызметкерлерінің жартысына жуығы өз басшылығына ұжымдық шағым түсірген.

ДЕПАРТАМЕНТ

ЗАҢДЫ МҮДДЕЛЕР:

Бұзылған құқықтарды қорғау және қалпына келтіру

Көрсетілетін қызметті алушылардың құқықтарын қалпына келтіру – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің басым бағыттарының бірі.

Департаментке Алматы қаласының жергілікті атқарушы органдарының лауазымды тұлғаларына қатысты «Республикалық маңызы бар қала, астана, облыстық және аудандық маңызы бар қалалар шегінде жер учаскесіне құқықтар алу» мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің бұзылуы фактісі бойынша азаматша Д. өкілінің өтініші келіп түсті.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, көрсетілетін қызметті берушілер мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге міндетті.

Жоспардан тыс тексеру нәтижесінде Алматы қаласы Жер қатынастары және Алматы қаласы Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасы қызметкерлерінің іс-әрекеттерінде мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін бұзу бөлігінде бұзушылық анықталды.

Мәселен, Департаменттің тексеріс нәтижелері бойынша азаматша Д. -ға қатысты Медеу ауданында жер учаскесін сату туралы Алматы қаласы Әкімінің қаулысы шығып, мемлекеттік қызмет алушының бұзылған құқықтары қалпына келтірілді. Осыған байланысты мемлекеттік органның қызметкерлеріне қатысты бұзушылықтарға жол берген адамдарды жауапқа тарту туралы ұсыныс жіберілді.

Бұзылған құқықтар мен заңды мүдделерді қалпына келтіру мәселесі Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік қызмет істері департаментінде ерекше бақылауда.

Айбар АЙДОСҰЛЫ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызметтер басқармасының бас маманы.

Ұсынылған материалдар негізінде Департамент аталған мемлекеттік орган басшылығының әрекеттеріне қатысты қызметтік тергеп-тексеру жүргізді.

Қызметтік тергеп-тексеру барысында мемлекеттік орган басшысының ауызша тапсырмасын орындау мақсатында қызметкер жұмыс уақытында базарға барып, бірқатар заттарды сатып алғаны анықталды.

Сондай-ақ, басшылық тарапынан қызметкерлерге тікелей лауазымдық міндеттеріне кірмейтін тапсырмалар берілгені белгілі болды.

Жоғарыда айтылғандардан мемлекеттік орган басшысы жұмыс уақытында өз бағыныштысына қызметтік міндеттеріне кірмейтін тапсырмалар бергені анықталды.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 43-бабының 2-тармағына сәйкес, лауазымды тұлғаларға қызметтік өкілеттіктерін орындауға қатысты жоқ және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзуға бағытталған бұйрықтар мен нұсқаулар беруге тыйым салынады.

«Қазақстан Республикасының мемле-

кеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінің» 6-тармағының 7-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік қызметшілерге жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде өз қызметтік жағдайын пайдаланып, басқа мемлекеттік қызметшілерге және өзге де адамдарға ықпал етуге жол берілмейді.

Жоғарыда баяндалған жағдайлар мен анықталған нақты деректер мемлекеттік қызметтің мәніне және қызметтік міндеттердің орындалуына қатысты жоқ тапсырмалардың берілуі мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен заңды мүдделерінің өрескел бұзылуы болып табылады.

Заңның 9-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік қызметші өзінің ар-намысына құрметпен қарауға, басшылар, өзге де лауазымды адамдар мен азаматтар тарапынан әділ және құрметті қатынасқа құқылы.

Әдеп кодексінің 8-тармағының 1) және 5) тармақшаларына сәйкес, мемлекеттік қызметшілер қызметтік қарым-қатынаста әріптестерімен іскерлік және сыпайы өзара қарым-қатынасты орнатуға және нығайтуға, сондай-ақ қызметтік ортада кемсітушілік пен ар-намысты қорлаудың кез келген түрлерін болдырмайтын

қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастыруға бағытталған шаралар қабылдауға тиіс.

Қызметтік тергеп-тексеру материалдары Алматы қаласы Әдеп кеңесінің кезекті отырысында қаралды. Оның қорытындысы бойынша Кеңес шешімімен орталық мемлекеттік органның жоғары тұрған лауазымды тұлғасына мемлекеттік орган басшысын «мемлекеттік лауазымнан босату» түріндегі тәртіптік жаза қолдануды, ал оның орынбасарын «қатаң сөгіс» түріндегі тәртіптік жауапкершілікке тартуды ұсыну туралы шешім қабылданды.

Мемлекеттік қызметшілер тарапынан әдеп нормаларының бұзылуы анықталған жағдайда, олардың әрекеттеріне Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне және оның аумақтық департаменттеріне шағым түсіруге болатынын хабарлаймыз.

Ш.ТУРДУЕВ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің бас маманы.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС

қызметтік әдеп нормаларының сақталуын мониторингтеу және бақылау жөніндегі әдеп жөніндегі уәкілдер қызметінің нәтижелерін қарайды

2025 жылғы 11 тамызда Алматы қаласы әдеп жөніндегі кеңесінің кезекті отырысында Алматы қаласы Әділет департаментінің әдеп жөніндегі уәкілі 3.М.Сатхожинаның жұмыс қорытындылары тыңдалды. Талқылау қорытындысы бойынша Кеңес осы бағыттағы қызметті жетілдіру жөнінде бірқатар ұсынымдар әзірледі.

Мемлекеттік қызметтер азаматтар өмірінің ажырамас бөлігіне айналғаны атап өтілді. 2025 жылдың алғашқы жартыжылдығында Алматы қаласында 10 млн.-нан астам мемлекеттік қызмет көрсетілді. Сонымен бірге, олардың сапасына ерекше назар аударылды.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі және оның аумақтық департаменттері мемлекеттік

қызмет, бағалау және мемлекеттік қызметтердің сапасын бақылау салаларында реттеушілік, іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асырады. Осыған байланысты отырыста Цифрландыру басқармасы жер қатынастары және спорт салаларындағы департаменттермен бірлесіп жүргізген ішкі бақылау нәтижелері қаралды. Талдау көрсеткендей, аталған салаларда қызмет көрсету сапасына қатысты бірқатар мәселелер бар. Талқылау қорытындысы бойынша Кеңес нақты ұсынымдар берді.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңның 10-бабына сәйкес, қызметтік әдепті сақтау мемлекеттік қызметшілердің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Қызметтік әдеп нормаларын бұзу фактілері бойынша бірқатар санаттағы басшы мемлекеттік қызметшілерге қатысты тәртіптік істерді әдеп жөніндегі кеңестер қарайды.

Отырыста орталық мемлекеттік органның аумақтық департаментінің басшысы мен оның орынбасарына қатысты тәртіптік істер қаралды. Қызметтік тергеп-тексеру жүргізудің негізі сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің ұсынымы мен мемлекеттік орган қызметкерлерінің өтініштері болды.

Мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексіне сәйкес, қызметтік қарым-қатынаста іскерлік және достық қатынастарды орнатуға және нығайтуға жәрдемдесу, әдеп нормаларын бұзуды болдырмау үшін шаралар қабылдау, сондай-ақ ұжымда кемсітушілік пен әріптестердің ар-намысы мен қадір-қасиетіне қол сұғуға жол бермейтін қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды қолдау қажет.

Қызметтік тергеп-тексеру материалдарын қарап, оған қатысушыларды тыңдағаннан кейін, Әдеп жөніндегі кеңес тиісті шешімдер қабылдады.

Бірыңғай кадр жүйесі:

ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ:

жұмысқа қабылдау кезіндегі ашықтық

Мемлекеттік қызметтерді цифрландыру шеңберінде енгізілетін Қазақстандағы мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордың бірыңғай кадр жүйесі кадр процестерін автоматтандыруға және стандарттауға, персоналды басқарудың ашықтығы мен тиімділігін арттыруға бағытталған. Ол қызметкерлердің міндеттерді орындауын, тәртіпті сақтауын бақылауды қамтамасыз етеді.

Жүйе персоналға қажеттілікті жоспарлау, қызметкерлердің құзыреттілігін бас-

қару және аттестаттау, кадрларды есепке алу және кадрлар құрамын талдау, еңбек қатынастары және кадрлық іс жүргізу сияқты процестерді автоматтандыруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, бірыңғай жүйе еңбек шарттары, біліктілік, еңбек өтілі және басқа да кадрлық ақпаратты қоса алғанда, қызметкерлер туралы деректерді орталықтандырылған сақтауды және өңдеуді қамтамасыз етеді.

Жүйеде білім беру, азаматтық хал актілерін тіркеу бөлігінде басқа да мемлекеттік ақпараттық жүйелермен интеграция көзделген.

Жүйенің тағы да тиімді жағы – бұл жүйе персоналды басқарудың тиімділігін арттыруға, кадрлық процестерді оңтайландыруға

мүмкіндік береді, ең бастысы – кадрларды басқару шығындарын азайту.

Қазіргі уақытта оны барлық ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік органдардың ұйымдарында енгізу жүзеге асырылуда. Бүгінгі таңда Алматыда жүйеге 82 ведомстволық бағынысты ұйымы қосылған.

Кадр қызметінің мамандары үшін жаңа жүйеде жұмыс істеу бойынша қажетті оқыту іс-шаралары өткізіледі.

Н.УЗБЕХАНОВ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті басшысының м.а.



Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2025 жылғы 7 тамыздағы №231 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау Банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2025 жылғы 15 тамызда №213199 болып тіркелді.

ШЕШІМ

2025 жылғы 7 тамыз №231

«Алматы қаласының Ортақ су пайдалану қағидаларын белгілеу туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2017 жылғы 11 тамыздағы №134 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. «Алматы қаласының Ортақ су пайдалану қағидаларын белгілеу туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2017 жылғы 11 тамыздағы №134 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1403 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы мәслихатының төрағасы

М.ОТЫНШИЕВ.

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2025 жылғы 7 тамыздағы №232 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау Банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2025 жылғы 15 тамызда №213210 болып тіркелді.

ШЕШІМ

2025 жылғы 7 тамыз

№232

Алматы қаласында жалпы су пайдалану қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Су кодексінің 26-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Қоса беріліп отырған Алматы қаласында жалпы су пайдалану қағидалары бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы мәслихатының төрағасы

М.ОТЫНШИЕВ.

Алматы қаласы мәслихатының 2025 жылғы 7 тамыздағы №232 шешімімен бекітілген

Алматы қаласында ортақ су пайдалану қағидалары

1. Осы Алматы қаласында ортақ су пайдалану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Су кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 26-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің міндетін атқарушының 2025 жылғы 11 шілдедегі №171-НҚ «Ортақ су пайдаланудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес әзірленді және Алматы қаласының аумағындағы жалпыға ортақ су объектілерінде жеке тұлғалардың ортақ су пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Ортақ су пайдалануды жеке тұлғалар рекреацияға, туризмге, әуесқойлық (спорттық) балық аулауға және шаруашылық немесе кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес бос уақыттың өзге де нысандарына, сондай-ақ жайылымдарда ауыл шаруашылығы жануарларын суаруға деген жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жүзеге асырады.

3. Ортақ су пайдалануды жүзеге асыру үшін арнайы рұқсат талап етілмейді.

4. Ортақ су пайдалану шеңберінде су объектілерін пайдалану су объектілерінің ажырамас бөлігі болып табылатын жария су сервитуты шеңберінде жүзеге асырылады.

5. Алматы қаласының әкімдігі жеке тұлғалардың ортақ су пайдалану құқығын іске асыру мақсатында:

1) су объектілеріне кедергісіз қолжетімділікті қамтамасыз етеді;

2) ортақ су пайдалану су объектілерінде жаппай демалуға, туризмге және спортқа арналған орындарды айқындайды;

3) әуесқойлық (спорттық) балық аулауды жүзеге асыру үшін балық шаруашылығы су объектілерінің және (немесе) учаскелерінің және іргелес жағалау белдеуінің учаскелерін айқындайды;

4) халыққа ортақ су пайдалану бойынша орнатылған шектеулер мен тыйымдар туралы хабарлауды қамтамасыз етеді.

6. Су объектісіне тікелей қолжетімділік болмаған жағдайда жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 69-бабына сәйкес қоғамдық сервитут орнатады.

7. Шектеулер немесе тыйымдар туралы ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарында, мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында жариялануға жатады және су объектілерінің жағалауында арнайы ақпараттық белгілер орнату арқылы танысуға қолжетімді болуға тиіс.

8. Ауыл шаруашылығы жануарларын суару үшін су объектілерін пайдалану санитарлық қорғау аймағынан тыс жерде және суару алаңдары мен су объектілерін ластау мен кірлетудің алдын алатын басқа да құралдар болған жағдайда ғана рұқсат етіледі.

9. Балық шаруашылығы су объектілерінде әуесқойлық (спорттық) балық аулау жеке және (немесе) заңды тұлғаларға, аталмыш су объектісінде көл-тауар шаруашылығын жүргізу құқығы берілген тұлғаларға ұйымдастырылады.

10. Ортақ су пайдалану объектілерін пайдалану кезінде мыналарға жол берілмейді:

1) су объектілеріне жеке тұлғалардың қолжетімділігін шектейтін қоршауларды, шлаббаумдарды, тыйым салатын белгілерді және басқа да құралдарды өздігінен орнату;

2) су объектілерін ластау және кірлету;

3) шомылуға арналған жерлерде көлікті жуу, киім жуу және жануарларды шомылдыру;

4) арнайы ақпараттық белгілер орнатылған, ескерту немесе тыйым салу жазулары бар жерлерде шомылу;

5) осы қағиданың қосымшасында көрсетілген орындарда шомылу;

6) құрылыс-монтаждау жұмыстары (қайта жаңғырту, жөндеу, абаттандыру) жүргізіліп жатқан немесе аяқталмаған жерлерде шомылу;

7) сел ұстау құрылыстарының, шлюздердің, өзен арналарының габионмен бекітілген немесе тұрақтандырылған учаскелерінің, ағынды сулардың құйылу орындарының және өзге де ластау көздерінің маңында, кемінде 500 метр қашықтықта шомылу;

8) арнайы ақпараттық белгілерді өздігінен алып тастау, зақымдау немесе жою;

9) жанармай және майлау материалдарын сақтау;

10) көлікті жанармаймен қамтамасыз ету, жуу және жөндеу жұмыстарын жүргізу;

11) су объектілерінде және олардың жанында кәметке толмаған балаларды ересектерсіз қалдыру.

11. Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасы, Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасы, сондай-ақ Алматы қаласы аудандары әкімдерінің аппараттары су объектілерінің, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерінің жағдайы туралы халықты ақпараттандыруды жүзеге асырады.

12. Ортақ су пайдаланудың қауіпсіздігі мен ұтымдылығын қамтамасыз ету, тыйым салу белгілерінің орнатылуын бақылау және халықты шомылуға тыйым салынған орындар туралы ақпараттандыру бойынша іс-шараларды үйлестіру мақсатында Алматы қаласының әкімдігі ортақ су пайдалану бағдарламасының әкімшісін тағайындайды.

Алматы қаласының ортақ су пайдалану қағидаларына қосымша

Алматы қаласының аумағында орналасқан су объектілерінде шомылуға тыйым салынған орындар

№	Су объектісінің атауы	Су айдынының атауы	Су объектілеріндегі орындар (мекенжайы, координаттары және басқалары)		«А» және «Б» нүктелерінің арасындағы қашықтық, метр	Жалпы суды пайдалануды шектеулері
			«А» нүктесі	«Б» нүктесі		
Алатау ауданы						
1	Қарғалы өзені	Бекмұрат су қоймасы	43.323962° 76.785327°	43.325255° 76.785378°	150 метр	Шомылуға тыйым салынған
2		Көкөзек су қоймасы	43.310976° 76.771729° 43.312142° 76.775405°	43.315444° 76.769264° 43.316445° 76.773844°	540 метр 490 метр	Шомылуға тыйым салынған
3	Үлкен Алматы өзені	Үлкен Алматы өзені Райымбек даңғылынан Алматы облысымен шекараға дейін	43.247911° 76.864185°	43.329433° 76.876042°	8000 метр	Шомылуға тыйым салынған
4	Қарасу өзені	«Қарасу» шағын-ауданындағы көл	43.335007° 76.909625°	43.338178° 76.90958°	350 метр	Шомылуға тыйым салынған
5	Тереңқара өзені	«Байбесік» шағын-ауданындағы тоған	43.313841° 76.88568°	43.31692° 76.88511°	345 метр	Шомылуға тыйым салынған
Алмалы и Әуезов ауданы						
6	Үлкен Алматы өзені	Сайран су қоймасы	43.233468° 76.870542°	43.246928° 76.863362°	Ұзындығы 1700 метр, ені 600 метр	Шомылуға тыйым салынған
Бостандық ауданы						
7	Үлкен Алматы өзені	Үлкен Алматы көлі	43.05694° 76.984066°	43.045363° 76.986565°	су объектісінің барлық көлемі	Шомылуға тыйым салынған
8		Үлкен Алматы өзені бөгеттен жоғары	43.182666° 76.891257°	43.185044° 76.89085°	270 метр	Шомылуға тыйым салынған
9		Үлкен Алматы өзені бөгеттен Абай даңғылына дейін Абай	43.185147° 76.890949°	43.232992° 76.87111°	6000 метр	Шомылуға тыйым салынған



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

2025 жылға «Almaty aqshamy» газетіне жазылу жалғасуда

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді aqshamnews.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 613,40 теңге, 3 айға – 1840,20 теңге, 4 айға – 2453,60 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 1315,62 (қала), 803,40 (ауыл) теңге, 3 айға – 3946,86 (қала), 2410,20 (ауыл) теңге, 4 айға – 5262,48 (қала), 3213,60 (ауыл) теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 393,40 теңге, 3 айға – 1180,20 теңге, 4 айға – 1573,60 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Құрметті оқырмандар!

«Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде рәсімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Almaty aqshamy» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте рәсімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен рәсімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

РЕСМИ БӨЛІМ

10	Есентай өзені	Есентай өзені Әл-Фараби даңғылынан Абай даңғылына дейін	43.220151° 76.9317°	43.240369° 76.919461°	3000 метр	Шомылуға тыйым салынған
Жетісу ауданы						
11	Қарасу өзені	«Кемел» шағын- ауданындағы Первомай тоғандары	43.372711° 76.948014°	43.376264° 76.952887°	560 метр	Шомылуға тыйым салынған
12	Есентай өзені	Есентай өзені Райымбек даңғылынан Волочаевская, 393Б көшесіне дейін,	43.27217° 76.966728°	43.293508° 76.973485°	2500 метр	Шомылуға тыйым салынған
Медеу ауданы						
13	Тереңсай өзені	Юннатское көлі	43.206211° 77.014459°	43.207807° 77.014941°	180 метр	Шомылуға тыйым салынған
14	Абылғазы өзені	Көлсай көлі	43.209389° 77.000789°	43.211477° 77.000208°	240 метр	Шомылуға тыйым салынған
15	Жарбұлақ өзені	Тіксай өзені (Тік Алшақтық)	43.267086° 77.006167°	43.286427° 76.995163°	2300 метр	Шомылуға тыйым салынған
16		Қарасу 8	43.293754° 76.979108°	43.295165° 76.980867°	230 метр	Шомылуға тыйым салынған
17	Есентай өзені	Есентай өзені Бейсеуов көшесінен Керей-Жәнібек хандар көшесіне дейін	43.180367° 77.093722°	43.189328° 77.000443°	7500 метр	Шомылуға тыйым салынған
18	Кіші Алматы өзені	Кіші Алматы өзені «Горельник» сарқырамасынан Әл-Фараби даңғылына дейін	43.141787° 77.066447°	43.219776° 76.932195°	17 000 метр	Шомылуға тыйым салынған
19		Орталық мәдениет және демалыс саябағындағы көл	43.237163, 76.945654	43.237171, 76.945658	су объектісінің барлық көлемі	Шомылуға тыйым салынған
Наурызбай ауданы						
20	Сапожникова өзені	Ақсай-Қарғалы каналы	43.182552° 76.808484°	43.196687° 76.809102°	1600 метр	Шомылуға тыйым салынған
Түркісіб ауданы						
21	Кіші Алматы өзені	Аэропорт көлі	43.337257° 76.99022°	43.341129° 76.99671°	весь объем водного объекта	Шомылуға тыйым салынған
22		Кіші Алматы өзені Рысқұлов даңғылынан Поддубный көшесіне дейін	43.293818° 76.973559°	43.33834° 76.990502°	5200 метр	Шомылуға тыйым салынған
23	Қарасу өзені	Пархач көлі	43.295636° 76.969841°	43.295763° 76.967368°	весь объем водного объекта	Шомылуға тыйым салынған
24		Шестуха	43.363126° 76.985249°	43.359108° 76.984649°	весь объем водного объекта	Шомылуға тыйым салынған

ЭКОЛОГИЯ

САНИТАРЛЫҚ АҒАШ КЕСУ

жоспарлы түрде жүргізіліп келеді

Алматыда санитарлық ағаш кесу жұмыстары тұрақты түрде жүргізіледі. Бостандық ауданында да жоспарлы жұмыстар жүзеге асырылды. Коммуналдық қызметкерлер Тұрғыт Озал көшесінен Розыбакиев көшесіне дейін Абай даңғылының бойында тал-теректердің сыртқы келбетін ретке келтіріп, артық бұтақтарын кесті.



Досбол
АТАЖАН

Бостандық ауданында жұмыс жүргізген ұжымның бригадирі Қайрат Салазбекұлының айтуынша, санитарлық ағаш кесу жұмыстары күнделікті жоспар негізінде жүзеге асады.

– Негізгі жұмысымыз – қырқу-кесу және әрлендіру. Біз алдымен қауіпті, қураған ағаштарды кесеміз. Олардың сырт келбетін де көрер көзге де әдемі етіп ретке келтіреміз. Бұл жұмысқа 4 техника, 20-ға жуық жұмысшы жұмылдырылды, – деді ол.

Дәл осындай жұмыстар Наурызбай ауданында да жүргізілді. Аудандық көріктендіру бөлімінің бас маманы Мадияр Қыздарбек Наурызбайда аула аймақтарында 4650 ағашты, ал көше бойында 9000 ағашты санитарлық кесу және 1150 ағашты пішіндеп кесу жоспарланғанын атап өтті. Қазіргі уақытта жұмыстар 80 пайызға орындалған.

– Бұл жұмыстар мамыр айында басталды, қазан айының соңына дейін жүргізіледі. Экология басқармасымен түбімен алынған ағаштардың орнына 10 мың ағаш егу жоспарланған, – деді Мадияр Қыздарбек.

Ал Жетісу ауданы көріктендіру бөлімінің бас маманы Бұрындай көшесінің бойында және «Айнабұлақ-1» шағынауданында санитарлық ағаш кесу жұмыстары жүргізілгенін айтты. Оның сөзінше, бұл жұмыстарға 6 техника және 32 адам жұмылдырылған.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Мирасәли ИЛИАС, Алматы қаласының Экология және қоршаған орта басқармасының бас маманы:

– Алматы қаласының жасыл желектерін қорғау және күтіп-баптау ережелерінің талаптарына сәйкес, ағаштарды санитарлық кесу жұмыстары аудан әкімдіктеріне жүктелген. Бүгінгі күні бұл бағытта ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Барлығы 180 мың ағашты санитарлық кесу жоспарланған, қазір оның 80%-дан астамы орындалды.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 13 260 дана (жұма)

Кезекші редактор – Ааяжан СЕРІКҚЫЗЫ

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗТ 7ВРУ00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»

СӘТТІ ЖОБАЛАР:

Жасыл саябақтар тұрғындардың жайлы тұрмысы мен өмір сүру сапасын арттырады

Алматыда «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы сәтті жүзеге асырылып келеді. Бұл жоба тұрғындарға өз идеяларын ортаға салып, қаланың көркейіп, абаттануына тікелей атсалысуға мүмкіндік береді. Соңғы үш жылда мегаполисте жалпы құны 39,1 млрд. теңгені құрайтын 938 жоба іске асқан. Ал биылғы 2025 жылдың қалалық бюджетінде бағдарламаға 17,1 млрд. теңге қарастырылған.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

ӘДЕМІ ЗАМАНАУИ СКВЕРЛЕР

Біз өткен аптада дәл осы жоба аясында Әуезов ауданындағы жаңарған аумақтарды аралап қайттық. Көрген сәттен-ақ бағдарламаның игілігін тұрғындар сезініп жүргені анық байқадық. Олар қала басшылығына деген ризашылықтарын жасырмай айтып, алғыстарын жаудырып жатты.

Әкімдік қызметкерлерінің мәліметінше, OpenBudget порталы арқылы аудан тұрғындары бірнеше бос аумақты жасыл саябаққа айналдыруға өтініш білдірген. Соның бірі – №8 ықшамаудандағы Алтынсарин көшесінің бойындағы №37 үйдің жаны. Бұрын қаңырап бос жатқан жер қазір тұрғындар демалатын әдемі заманауи скверге айналған. Ұзындығы 16 метрлік жайлы орындықтар, айнала толық жасыл желекпен көмкерілген қоғамдық кеңістікке газон төселіп, ондаған ағаш пен бұта, көпжылдық гүлдер отырғызылыпты. Әдемі жарық шамдар мен бейнебақылау

камералары, қоқыс жәшіктері де қарастырылған. Асфальт пен брусчатка төселген серуендейтін жолдар аймаққа ерекше сән беріп тұр. Ал жасыл желектер үшін орнатылған суару жүйесі ондағы көгалдың жыл бойы жасыл күйін сақтап тұруына мүмкіндік бермек. Бұл жұмыстар мердігер ұйым – «Сұлтан құрылыс» ЖШС тарапынан жасалған келісім-шарт аясында жүзеге асырылған. Бүгінде абаттандыру жұмыстары толық аяқталып, нысандарды қабылдап алу шаралары жүргізілуде.

Аудан әкімдігінің мәліметінше, «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында қосымша көгалдандыру шаралары да жүргізілген. Соның нәтижесінде 180-нен астам ағаш пен бұта отырғызылып, 400 дана жасыл қоршау жасалды. Сонымен қатар, 1200 шаршы метр аумаққа заманауи автосуару жүйесі орнатылды. Бұл

жұмыстардың барлығы қала экожүйесін сақтауға бағытталған.

Жаңа скверге жиі келетін алматылықтар айналадағы өзгерістерге дән риза. Қызын емханаға алып келген қала тұрғыны Салтанат Қашағанова ем-шара кезінде осы саябақта тынығып алатынын айтады:

– Мұнда өте жайлы. Өткен жылы келгенімде бұл жерде ештеңе болмаған еді. Қазір жаздың аптап ыстығында саябақта отырып тынығуға болады. Қалада осындай орындардың көбеюі бізге үлкен қуаныш сыйлайды. Бұл – биліктің тұрғындарға шын мәнінде қамқорлық жасап отырғанының айғағы, – деді ол.

Анадай жердегі жайлы орындықта ұлымен демалып отырған алматылық тұрғынға жақындап жөн сурадық. Өзін Мира Қарғабаева деп таныстырған ана Әуезов ауданына қарасты №127 мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарады. Мұнда ұлымен бірге қыдырып келе жатып, демалып отыр екен.

– Бұрын бұл жер қараусыз, қоқысқа толы болатын. Енді брусчатка төселіп, орындықтар қойылып, гүлдер мен ағаштар отырғызылған. Қаламыз жыл өткен сайын көркейіп келеді. Мұндай өзгерістердің барлығы қала әкімі Дархан Сатыбалдының еңбегі деп ойлаймын. Алматының бүгінгі бейнесі бұрынғыдан мүлде бөлек. Әр қадам сайын әсемдік пен тазалықты көріп, шетелдік қалаларға ұқсай бастағанына қуанамыз, – дейді Мира Жеңісқызы.

ДЕМАЛЫС АЙМАҚТАРЫ

Аудан тұрғындарының ұсынысы негізінде жүзеге асқан тағы бір сәтті жобалардың бірі – Пятницкий көшесінің бо-

йындағы №86 үй мен әскери мектеп арасындағы аумақ. Бүгінде адам танымастай өзгеріп, заманауи қоғамдық кеңістікке айналған аймаққа 680 шаршы метр асфальт пен 220 шаршы метр брусчатка төселіп, балаларға арналған түрлі-түсті ойын алаңдары орнатылған. Алыстан көз тартатын 6 тренажер мен воркаут алаңы жасөспірімдердің уақытын тиімді өткізуге таптырмас орын, үлкендер тынығатын көлеңкелі орындықтар да әдемі орналасырылыпты. Айналаны көгалдандыру жұмыстары да жүйелі жүргізіліп, 600 метрлік автосуару жүйесі тартылған.

Осы демалыс орнында біз әскери мектептің қызметкері Оксана Джаримбетова мен Алматы техникалық байланыс колледжінің маманы Қанапия Айшолпанмен тілдестік. Күннің ыстығына қарамай, көлеңкеде, тербетілетін орындықта әңгімелесіп отырған олар қуаныштарын жасырған жоқ.

– Қандай керемет! Бұрын бұл жерден жиі өтетінбіз. Қаңғыбастар жүретін, қараусыз қалады деп ойлайтынбыз. Ал қазір қараңызшы, тура шетелдегідей болып өзгеріпті. Балалар да қауіпсіз ойнайтын алаң тапты. Осындай орындар қаламызда көп болса екен, – дейді қыздар шаттана.

Тұрғындардың шынайы қуанышы бұл жобаның қаншалық маңызды әрі қажетті екенін тағы бір дәлелдеп берді.

Қала үшін әрбір көгалдандырылған ауланың, әрбір ойын алаңының маңызы зор. Өйткені, мұндай игілікті істер тұрғындардың өмір сүру сапасын арттырып қана қоймай, қоғамдағы өзара сыйластық пен бірлікті де нығайтады. Бұл бастамалар алдағы уақытта да жалғасын тауып, Алматыны одан әрі жайлы да көрікті қалаға айналдырады сөзсіз.

